



# Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№40 (577)  
3 қазан,  
2024 жыл



## ТАБИҒИ ӨНИММЕН ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН ДӘУЛЕТ

Қазақстандағы кәсіпкерлік саласы түрлі жаңалықтарға толы. Оның ішінде өзіне ғана тән өндірістік көзқарасы арқылы кір жууға арналған ұнтақ шығаратын қызылордалық Дәулет Ізбасарұлы да бар. Ол жасап шығаратын «Ак-Niet» ұнтағы мен сиыр іш майынан жасалатын табиғи сабындары бүгінде экологиялық таза өнім қатарына қосылып, өз тұтынушыларын тауып үлгерді. Кәсіпкермен сұхбаттасудың сәті түсіп, көкейде жүрген сауалымызға жауап алдық.

— Дәулет, мамандығыңыз заңгер екенін білеміз. Кәсіпке келу жолыңыз оқырмандарға өте қызық. Екі түрлі саланы бір арнада тоғыстыруыңызға не себеп?

— Иә, негізгі салам заңмен байланысты. Колледжде, университетте «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алып, осы саланың маманы атандым. Қазір де заңгерліктен алыс кетпедім, екеуін қатар алып жүрмін. 2-3 жұмысты қатар істейтін жастарға қарап мен де қос қызметте істеуге бел будым. Бұл заман талабына айналды. Бұрын 8 сағат болса, қазір 16 сағаттық жұмысқа көштік. Барлығына үлгеруге болады деп ойлаймын.

4-бетте

## ДОМБЫРА — ҰЛТТЫҚ БРЕНД



# ОЙЫННАН ОТ ШЫҚПАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

2016 жылы Ресейде «Синий кит» ойыны пайда болып, аз уақыттың ішінде халық арасында таралды. Әлеуметтік желі арқылы белгілі болған интернет ойын қауіпті екені анықталды. Құрбаны болған жасөспірімдер түрлі психологиялық қысымға тап болып, қауіпті тапсырмаларды орындауға мәжбүр болған. Ал жақында осы ойынның «жасырын» аналогі пайда болып, тағы да көпшілікті дүрліктерді.



Көк киттің аш маусымы

Ең алдымен «Синий кит» ойыны туралы хәм оның қалай жасөспірімдерді өзін өлтіруге дейін жеткізгендігі туралы айта өтсек. Бұл ойынның бірнеше атауы болған: «Тихий дом», «Разбуди меня в 4:20», «Море китов», «Млечный путь», «U19», «F57» және тағы да басқалары. Ойынның мақсаты — сунцид жасауға үгіттеу және аудиториясы — психологиялық тұрғыда әлсіз жасөспірімдер.

Бұл ойынды арнайы қосымша арқылы жүктеп немесе әлеуметтік желі арқылы табу мүмкін емес. Ойынның қатысушысы болу үшін балалар әдетте әлеуметтік желіге пост салып, онда хэштег арқылы ойынды ойнауға ниеттерін

білдірген. Мәселен, #синийкит, #явигре, #синий, #тихийдом деп пост жариялаған жасөспірімге ойынның «кураторы» байланысқа шығады.

Аталған ұйымдастырушылар өзін жалған атпен тіркеп, балаға ойынның ережелерін түсіндіреді. Ойын тәртібін бұзбауға шақырады, ал егер берілген тапсырмалар орындалмаса, баланы көптеген жайсыздық күтіп тұрғанын айтып үрейлендіреді. Мысалы, «мен сені қайда тұратыныңды білемін, ата-анаң қауіп төнбесін десең, айтқанымызды бұлжытпай орында» деген секілді қорқынышты хабарлама арқылы бопсалайды. Әрине, заңдылық бойынша бұл жасөспірімнің өзіне деген сенімі мен психологиялық қабілеттеріне ауыр соққы.

3-бетте

## АЯЛДАМАДА ӨТКЕН ӨМІР

Елдегі қоғамдық көлік жүйесі жолаушылар үшін маңызды рөл атқарса да, соңғы жылдары тоқтаусыз сыңға ұшырап келеді. Халық автобус интервалына, қызмет сапасына қатысты көңіл толмаушылығын білдіруде. Дегенмен бұл саланың да оң өзгерістерге жетуіне мүмкіндігі бар. Себебі жана бастамалар мен тыңғылықты шаралар қолға алынған.

Қызылордалық тұрғындар үшін қоғамдық көлікте төлем жасау мүмкіндіктері кеңейтілді. Қазір жолаушылар 8 түрлі әдіс арқылы төлем жасай алады. Оның ішінде SMS, QR-код, ұялы қосымша, көлік және банктік карталар арқылы ұялы байланыс операторларының қызметін пайдалануға болады. Бұл цифрлық жүйелер жолаушылар үшін ыңғайлылықты арттырып, қолма-қол ақшасыз төлем жасау мәдениетін нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар қалаішілік автобустар заманауи навигация жүйелерімен қамтамасыз етілген. Барлық бағыт «2GIS», «Яндекс GO» және «Яндекс карта» қосымшаларына тіркелген. Бұл жолаушыларға автобустардың нақты қай уақытта және қай жолда жүретінін қадағалап, өз бағытын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Мұндай цифрлық жаңашылдықтар қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, жолаушылардың уақытын тиімді пайдалануға да көмектеседі. Мұнан бөлек қоғамдық көліктерге «автоинформатор» жүйесі орнатылған.

2-бетте



## ҚОС ДӨҢГЕЛЕКТІ КӨЛІКТЕН КЕЛЕР

# ҚАУІП КӨЛ



Соңғы уақытта «мопед» мінгендердің мәселесі өршіп тұр. Қос дөңгелекті көліктен қаза тапқандардың саны күн санап артып келеді. Осы тақырып төңірегінде әлеуметтік желідегі ақпараттардан көз сүрінеді. Иә, мопедтің бағасы қолжетімді. Қоғамдық не кәнігі көлікпен жүргеннен гөрі әлдеқайда тиімді. Дей тұрғанмен қос аяқты құрылғының қоғамға тигізген пайдасына зияны көп болып отырғанын жасыра алмаймыз. Өкініштісі сол, мопед тізгінен мерт болып, ауыр жаракат алып жатқандардың көбі — кемелетке толмағандар. Ішкі істер министрлігі түйткілдің түйінін тарқата алмай әлек. Көптің талқысына түскен тақырыпты тереннен түртін көрелік.

7

Қазаққа қолайлы қоныс іздеп, 12 жыл ел аралап, арманы болған Жерұйыққа қалай да болса қазақты қоныстандырамын деумен қайғы атанған Асан атаның есімі қазақтың қара топырағына етене таныс, құлаққа әбден сіңген. Қаншама ғасырлар уақыт ағымымен ағып өтсе де, қаншама қиындықты Тәуелсіздігіміз ұмыт етсе де, Асанның қайғысы әлі күнге өз мәнін жоғалтпағандай.

## АСАНҒА ҚАЙҒЫ БОЛҒАН — ЖЕРҰЙЫҚ

Бұл қайғының мәні тек жайлы қоныс емес, сыртқы және ішкі саясат, ел арасындағы сыйластық болатын. Қазақты құтты қонысына қондырып, ел шекарасын шегелеп беру аса үлкен маңызға ие болды. Асан Қайғы осы мәселелерді шешу үшін, Жәнібек ханға кеңесші болып, сыртқы саясатқа тікелей араласып отырады. Ал анығында Жерұйықты тапты ма?

3-бетте





# АЯЛДАМАДА ӨТКЕН ӨМІР

Қош. Бұл да игі бастаманың бірі. Ал наразы қоғамның сұранысы неде? Алдымен сандар тактасын сөйлетсек. «Ranking.kz» сайтының ақпараты бойынша өткен жылдың 8 айында Қазақстанның автобус паркі көліктерінің саны рекордтық көрсеткішке жеткен. Олар 105,5 мыңды құрады. Ал қоғамдық көліктердің 36 пайызы қолданысқа берілгеніне 20 жылдан асқан. Осы орайда «Өнеркәсіпті дамыту қоры» былтыр лизингтік қаржыландыру бағдарламасы арқылы 4 333 жолаушылар автобусын сатып алуға қаржы бөлді. Олардың ішінде 130 автобус электр қуатымен, 1 737-сі газбен, ал 2 466 автобус дизель отынымен жүреді.

Қоғамдық көлікті күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігі екенін білеміз. Бірақ ондағы қауіпсіздіктің жиі сынға ұшырайтыны өтірік емес. Иә, автобустарда орнатылған өрт сөндіргіштер, пандустар және бейнебақылау камералары заман талабына сай. Бірақ қауіпсіздік тек техникалық жаңартулармен шектелмеуі тиіс. Бұл ретте көлік жүргізушілері қауіпсіздікті сақтауға жауапты негізгі тұлғалардың бірі. Тізгіндеушілердің қоғамдық көлікте қатты жылдамдықпен жүруін адам өмірін ойыншыққа айналдырумен пара-пар. Секундтардан ұту үшін автобусы жарыс алаңындағыдай басқарып, көше бойымен жүйткіген олар жолдағы барлық ережелерді, тіпті адамгершілікті ұмытады. Бұл айналадағы жауапкершілікпен мен басқа көліктерге де қауіп төндіреді. Ал қоғамдық көліктегі әр адам жауапсыздығын асығып бара жатқан ана, жұмыстан қайтып келе жатқан әке немесе мектепке бет алған бала. Ережені беіден басып, жылдамдықты шектен асырған сәтте жүргізушінің жауапкершілігінде қаншама жанның тағдыры тұрады. Жолаушылардың сол сәттегі сезімін, болашақ апаттың алдындағы дәрменсіздігін елестетудің өзі қорқынышты.

Мәселен, биыл маусымда Алматы ауданында автобус жеңіл көлікпен соқтығысып, ғимаратқа соғылды. Зардап шеккендер

саны 25 адамға жетті. Ақпарат бойынша 18 бағыттағы автобусың қатысуымен болған жол апаты салдарынан бір жәбірленуші жедел медициналық жәрдем бригадасы келгенше көз жұмды. Екеуіне сол жерде медициналық көмек көрсетіліп, амбулаторлық емдеуге жіберілген. 22 адам қалалық ауруханаларға жатқызылды. Зардап шеккендердің арасында 14, 15 және 16 жастағы үш жасөспірім бар, олардың денелері көгеріп, сынық жарақаттарын алған. Ал жақинда, нақтырақ айтсақ 12 қыркүйекте Алматы маңында ауыр апат болды. 78 маршруттың автобусы Қаскелең көпіріндегі қоршауды бұзып өтіп, Ташкент трактімен келе жатқан минивэннің үстіне құлады. Жолкөлік оқиғасы салдарынан 8 адам зардап шекті.

«Қызылорда автобус паркі» ЖШС-да қоғамдық көлік санының еселеп артуына байланысты серіктестік құрамында 718 штаттық бірлік бар. Оның 520-сы автобус жүргізушісі. Олардың еңбекақысы 1 сағатқа 1300 теңге көлемінде бекітілген, ал жұмыс кестесі екі жұмыс күні және екі демалыс күнінен тұрады. Алайда серіктестікте көлік жүргізушілерінің тапшылығы бар. Себебі кәсіби талапқа сай келетін маман аз. Қоғамдық көлікті басқаруға қабылданатын жүргізушілер 25 жастан асқан, кем дегенде 5 жыл тәжірибесі бар. «D» санатына жататын жүргізуші болуы шарт. Ал бұл шаһардың ғана емес, Қазақстандағы өзекті мәселелердің біріне айналған-да. Себебі ел бойынша 8000-ға жуық жүргізуші жетіспейді. Осы мәселені шешу үшін өткен жылы ҚР автокөлік оданының экс-басшысы Сәбит Аманбаев жүргізушілердің мәртебесін мұғалімдер мен дәрігерлердің деңгейіне көтеруді ұсынды.

Аймақтағы ахуалға оралсақ, қала ішілік жолаушылар тасымалы 300 көлікке толығып, 35 бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Автобус паркі ресми түрде қоғамдық көліктердің интервалын 12-15 минут деп мәлімдеді. Ал тұрғындар не дейді? Жолаушының көбі аялдамада 30 минут автобус күтетінін айтып, жиі шағымданады.

Жұмысқа кешікпеу үшін бір жарым сағат ерте шығамын. Бірақ №32 автобусты ұзақ күтмін. Суықта

аптап ыстықта қиналамыз. Жүргізушілер «кептеліс көп» деп айтады, – деді қала тұрғыны. Бұл мәселе тіпті әлеуметтік желідегі парақшаларда да қозғалады. Онда таңғы уақытта автобусың интервалын қысқартуды, №21 мен №1 автобустардың аз екені айтылады. Ал желі қолданушылардың бірі 18 қыркүйек күні №27 автобусты 45 минут күткенін жазды. Тұрғындардың пікірі осындай. Уақытылы келмейтін автобус тек қолайсыздық емес, жолаушының күнделікті өмірін күрделендіріп, жұмысқа, сабаққа кешігуіне әкеледі. Аялдаманы торауылдау өмірдің бір бөлігіне айналғандай. Бірақ ол өмірдің қолайсыз, кейде тіпті төзгісіз бөлігі ретінде қалыптасты.

Жоғарыда жауапты мекемелердің игі істерін ұсындық. Ал саралайтын болсақ, картада көрсетілетін көліктерге де шағым жалғасып жатыр. «ГПС» қосымшасының басқа өңірлерде жұмыс істеп, бірақ Қызылордада әліге дейін дұрыс емес екенін де жазған тұрғындар бар. Бұл мәселеге «Қызылорда автобус паркі» ЖШС: «Үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көліктер навигация жүйелерімен қамтамасыз етілген. Өткен айдың соңында ғана техникалық ақау орын алды. Бірақ барлық мәселе шешіліп, бүгінде штаттық режимде жұмыс жасап тұр» деп жауап берді.

Сондай-ақ жүргізушілердің халықпен дөрекі сөйлесіп, күнделікті бейдеп қылықтарынан шаршаған жолаушылардың әлеуметтік желіге жүгінуден басқа амалы жоқ. Себебі «жауапты мекемемен байланысу қиын» дейді. Ал автобус паркі диспетчерлік қызмет 9.00-18.00 арасында ұдайы жұмыс істейтінін айтты.

Бүгінде автобус паркінің қоғамдық көлігі 35 бағытта түгел қызмет көрсетеді. Пікір, ұсыныс немесе шағым бойынша диспетчерлік қызмет әрдайым қосылуы. Мұнан бөлек «Instagram», «Facebook», «TikTok» желілері арқылы жолаушылармен байланыстамыз.

Ал қызмет барысындағы дөрекілік сынды әрекеттер бойынша «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» бөлімі айналысады. Мекемеге түскен немесе әлеуметтік желідегі арыз-шағымдарды ескере отырып, тәртіп кеңесі ұйымдастырылады. Сондай-ақ мамандар арнайы сабақ өтеді. Қызметкерлерге қатан ескерту беріледі. Ал жағдай түзелмесе жұмыстан босату жағдайы орын алады, – деді авт

бус паркі директорының міндетін атқарушы Әбдібәкір Маштаев.

Қоғамдық көлік – бұл тек жолаушыларды тасымалдау құралы ғана емес, сонымен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір айнасы. Алайда автобустардағы мәдениет деңгейі кейде әдемі көрініс көрсетпейді. Бір жағынан, жүргізушілердің ережеге сай әрекет етуге тырысуы бар, ал екінші жағынан, жолаушылардың түсінеушілігі мен заңсыз талаптары жағдайды қиындатып жіберуде.

Бүгінде қоғамдық көліктер тек арнайы аялдамаларда ғана тоқтайды. Бірер жыл алдыңғыдай жолаушыға қолайлы нүктеден тоқтау заңға қайшы іс. Бірақ кей жолаушылар бұл тәртіпке бағынудың орнына, жүргізушіден тоқтауды талап етіп, жанжал тудырады. «Мен айтқан жерде тоқта!» деп, жүргізушіге қысым жасау автобустағы күнделікті жағдайға айналып барады. Бұл ережені білмеудің белгісі ғана емес, қоғамдық мәдениеттің де төмендігі. Ойлансақ, жүргізушінің ережеге бағынғаны үшін оны қиналауға бола ма?

Қазір қоғамдық көліктер тек аялдамаларға тоқтайды. Үлкен сыйымдылықтағы автобуска әр 100-200 метр сайын аялдау қолайсыздық тудырады, – делінген жауапта.

Қоғамдық көлік – бұл ортақ кеңістік. Автобус жүргізушілеріне де жолаушыларға сыйауы, мәдениетті қарым-қатынас жасау міндеттеледі. Бірақ жолаушылар тарапынан болатын қысым мен тәртіпсіздік, дөрекілік олардың жұмысын қиындатады.

Қала тұрғыны Әли Батыржанұлы аялдама жөнінде орын алған жанжалдың куәсі болғанын айтты.

«Әдеттегідей автобус лық толы. Бір сәтте жолаушы арнайы аялдама белгісі де, аялдамасы да жоқ нүктеден түскісі келді. Жүргізуші олай болмайтынын жеткізгеніне қарамастан ол үлкен жанжал шығарды. Ереженің ортақ екенін ұмытпаған жөн. Бірақ біздің сөзге құлақ асқан ешкім жоқ. Жолаушыға қарайласамын деген жүргізуші кейін өзі опық жемей ме?», – деді тұрғын. Расымен, жолаушының қалауын орындап, аялдама жоқ жерге аялдаған жүргізушіге кейін қандай шара қолданылады? Бұл жөнінде де «Қызылорда автобус паркінен» сұрадық. Мекеменің өкілі қызметкерге ескерту берілетінін айтты.

Қоғамдық көлік бұл – ортақ мүлік, ал оған деген қарым-қатынас әр азаматтың мәдениетінің айнасы. Осы мәселелерді шеше алмасақ, жаңа техникалық жаңартулар мен цифрлық жүйелер енгізілгенімен, қоғамдық көлік мәдениетсіздік пен ережеге бағынбаудың ортасы болып қала береді.

Әлия ТӘЖІБАЙ



## Жастар жаңалықтары

### ӘСКЕРГЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қызылорда облысының қорғаныс істері департаменті, облыстық қоғамдық даму басқармасы мен «Сұғ жастағу» ЖРО-ның ұйымдастыруымен аймақта әскери қызмет жасындағы азаматтардың кезекті тобын Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шығарып салу рәсімі өтті.

Салтанатты шараға шақырылған қонақтар мен ата-аналар Отан алдындағы борышын өтейтін болашақ сарбаздарға өздерінің ыстық ықыластары мен тілектерін білдіріп, шара концерттік бағдарламаға ұласты.

Айта кету керек, Қызылорда облысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі қатарына күзгі әскерге шақыру маусымында 30 азамат жөнелтілді.

### КОЛЛЕДЖДЕГІ КЕЗДЕСУ

Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері Арал көпсалалы колледжінде тәрбие орталығы ғимаратымен танысты. Бұл ғимаратта бірнеше маңызды бөлімдер орналасқан.

Қонақтар колледждегі ардагерлер бөлмесі, кәсіподақ ұйымы, мансап және кәсіби бағдар беру бөлімі, жастар комитеті, Егов кабинеттерімен танысып, осы бөлімдердің жұмысымен және қызмет көрсету бағыттары жайлы кеңінен мағлұмат алды.

Кездесу соңында студенттерге «Жас толқын» еріктілер тобының маңызы түсіндіріліп, топтың атқарып жатқан игі істері туралы айтылды.

Студенттер еріктілер қозғалысына қосылуға ниет білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға келісті.

### ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қоғамда заң үстемдігін насихаттау, өскелең ұрпақтың салауатты өмір сүру қағидаттарын дамыту мақсатында еріктілер мен жасөспірімдерлі тарта отырып, іс-шара ұйымдастырылды.

Жыныда жастарға «граффити» мен есірткі сайттары туралы өзге де ақпараттарды тарату, интернет желісінде есірткіні жарнамалау және насихаттау, есірткі құралдарын таратудың алдын алуға байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тиісті мағлұматтар берілді.

Қазақстанда есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді насихаттағаны және заңсыз жарнамалағаны үшін Қылмыстық кодекстің 299-1 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік көзделген. Сондықтан есірткі заттардың граффити жарнамасына куә болған жағдайда дереу «102» операторына хабарласуға шақырды.

Түсіндірме шаралары жастар арасында есірткіге қарсы мәдениетті қалыптастыруға және қоғамды зиянды әдеттерден қорғауға бағытталған маңызды қаламдарға жетелейді.

### АУДАН ӘКІМІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек аудандағы мектептердің жоғарғы сынып оқушыларымен табиғат аясында еркін форматта кездесу өткізді. Жылы әрі бейресми атмосферада өткен кездесуде алау жағылып, ашық әңгіме өрбіді.

Аудан басшысы жастарға қоғамның қозғалуы күші ретінде ерекше жауапкершілік жүктелгенін және олардың белсенділігі ел болашағы үшін аса маңызды екенін баса айтты.

Сонымен қатар аудан басшысы білім саласындағы жетістіктер мен аудандағы заманауи жобаларға тоқталып өтті. Айта кетейік, Қармақшы ауданы Ұлттық бірінші тестілеуде 85,9% орташа балмен облыста бірінші орын алды. 54 түлек «Алтын белгі», 67 түлек «Үздік аттестат» иеленді. 2025 жылы Жасөспірімдер ІІІ Интернационал ауылында «Жайлы мектеп» жобасы аясында жаңа мектептер салынады. Бұқаралық спортты дамыту үшін Ақай, Дүр Онғар және ІІІ Интернационал ауылдарында 1,3 миллиард теңгеге дене шынықтыру кешендері салынууда, олар биыл аяқталады. Аудандық бюджет есебінен кент, ауылдық округтерде ойын және футбол алаңдары бой көтереді. Облыстық бюджеттен 98 миллион теңге бөлініп, 6 мектептің спорт алаңдары жаңғыртылады.

Кездесу соңында аудан басшысы жастардың сұрақтарына жауап беріп, олардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдауға әрқашан дайын екенін білдірді. Сонымен қатар жастарды өз армандарына адал болып, жарқын болашақ үшін талмай еңбек етуге шақырды.

### ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ – ЖАЛАҒАШТА

Мәдениет ауылында орналасқан №14 Жалағаш ауданы балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне Париж Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Нұрбек Оралбай арнайы ат басын тіреп, келешек ел намысын қорғайтын жасөспірім спортшылармен кездесіп, өзінің спорттағы жетістіктері және қызықты сәттерімен бөлісті.

Сұхбат барысында жас спортшылар көкейлеріндегі түрлі сұрақтарына мардымды жауап алды.

Кездесу соңында жас спортшыларымыз қолтаңба алып, дәстүр бойынша ақсақалдар батасын берді. Сонымен қатар ауыл азаматтары Олимпиада жүлдегеріне шапаң жауып, тұлар мінгізді.

### «АҚЫЛ BATTLE» САЙЫСЫ

Ерікті жастарды қолдау мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Ақыл battle» сайысы өтті.

Сайысқа 4 топ қатысып, өзара мықтыны анықтады. 4 турдан тұратын сайыс нәтижесінде жүлделі ІІІ орынды «Жалын» тобы, ІІ орынды «Сырдария жастары» еріктілер тобы иеленсе, І орынды «Асқар» тобы қанжығасына байлады.

Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға арнайы дипломдармен бағалы сыйлықтар табысталды.

### АРЗУЛЛА АҚЫН АМАНАТЫ

Керделі ауылдық округі әкімі аппараты мен Шиели ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен, Нартай Бекежанов ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен ән дүлдүлі Нартай Бекежановтың тол шокірті, ақын мұраларын насихаттаушы айтыскер ақын, өнші, жырау Арзулла Молжігітовтің 95 жылдығына арналған «Арзулла ақын аманаты» атты облыстық өнші-термешілер байқауы өтті. Байқауда Қызылорда қаласы мен облысқа қарасты аудандардан 9 үміткер қатысып, өзара бақ сынасты.

Байқауда Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просоерлік орталығының «Жыр-терме» бөлімінің менгерушісі, жырау Майра Сәрсенбаева, Ноғайбаевтар отбасылық ансамблінің жетекшісі, дәстүрлі өнші Ақмарал Ноғайбаева, Шиели ауданының Ы.Жақаев атындағы күрші өсіру тарихы музейінің директоры Құттықыз Ыханова қазылық өтті.

Нәтижесінде Шиели ауданынан Аманбек Ыскаков пен Нұрсәулем Фазылова, сырдариялық Әйгерім Үсеновалар алғыс хатпен марапатталса, жүлделі ІІІ орынға Қызылорда қаласынан Тоғжан Өтенова мен жаңақорғандық Көкен Өскенбай, І орынға шиелік Ізбасқан Дәулетхан, І орынға Қармақшы ауданынан Ақсұңқар Бүркітбай лайық деп танылып, бас жүлдеге Шиели ауданынан Мұхаммедәлі Бекпейісов ие болды. Қатысушыларға қаржылай сый-сияпат табысталды.

### ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕГІ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Жанақорған ауданы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қолдауымен, «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласында орналасқан Ұлттық Ұлан 5547 әскери бөліміне экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсияға қатысқан жоғары сынып оқушыларына әскери техникалар мен қарудың алуан түрлері таныстырылды. Сонымен қатар жастар қазарма, асхана, жаттығу алаңдарында болып сарбаздардың тыныс-тіршілігімен жақын таныса түсті.

Аталған шара жастар мен жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық тәрбие беру мен отансүйгіштік қасиеттерді арттыруда орны ерекше. Шараға қатысушылар Ұлттық Ұлан 5547 әскери бөліміне және Жанақорған ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мен аудандық білім бөліміне алғысын білдірді.

Қызылорда

Арал

Қазалы

Қармақшы

Жалағаш

Сырдария

Шиели

Жанақорған



# ОЙЫННАН ОТ ШЫҚПАСЫН ДЕСЕҢІЗ...



50 күнге созылатын ойынның алғашында тапсырмалар өте қарапайым болады. Мәселен, танерген ерте жүру, киттің суретін салу деген секілді. Бірақ кейіннен ойын тапсырмалары шеттен шығады, ал бала мұны байқамайды да. Айта кетсек, жүзі өткір дүниенен қолды кесу, биіктіктен секіру, денсаулыққа зиян келтіретін дүниелерді жасауға үгіттеу.

2017 жылы Ресейдің тергеу органдары бірнеше жасөспірімнің суицид жасауын осы ойынға байланыстырғаны туралы ақпарат тарайды. Алайда орын алған қайғылы оқиғалар аталған ойынға расында қатысы бар ма, жоқ па, белгісіз...

Осы ойынды негізге ала отыра 2020 жылы оңтүстік корейлік режиссер Квак Чонның «Розыск» фильмі жарық көрді. Сондай-ақ бұл ойын Никита Мазиннің «Сайбирия» көркем фильмінің сценарийіне де негіз болды. Режиссер Валентин Шпаковтың «Первые ласточки» телехикаясы осы ойынға және оның салдарына толығымен арналған.

## Қауіпті ойынның жаңа лебі

Қыркүйек айының басында бірнеше жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсау фактілері тіркеліп, қалың жұрт мұны жаңадан пайда болған ойынмен байланыстырды. Себебі былғы оқу жылында бұл ойын мектеп оқушылары арасында ерекше танымалдылыққа ие болды. Жалпы ойын 16 жастан асқан жасөспірімдерге арналған.

«Schoolboy Runaway» – 2024 жылы шыққан ресейлік жасырын ойын. Оны Google Play қосымшасы арқылы 10 миллионнан астам рет жүктеткен. Schoolboy Runaway-де ата-ана басты жауыз ретінде ұсынылады, ал бала жазадан құтылуға тырысатын кейіпкер ретінде әрекет

етеді. Дегенмен мектеп оқушысына үйден қашу оңай емес.

Ойын ұқыптылық пен сақтықты қажет етеді. Яғни, болмашы қателік жасаған – ұтыласың. Басты міндеті – назарға түспеу. Ойында Андрей есімді бала сабақтан нашар баға алып, анасынан ұрыс естиді. Оқушы бағаны жөндеудің орнына жазадан қашудың жолдарын іздейді. Онда терезеден немесе шатырдан секіру, ата-ананың біреуіне дәрі беріп ұйықтату, қашу, өзгенге бату секілді теріс әдеттерді дәріптейтін тапсырмалар болады. Ойын зиянсыз көрінгенімен «жасырын» түрде балаға және психологиясына зақым келтіреді. Тіпті физикалық тұрғыда бала өзіне зақым келтіруі немесе ата-анасымен қарым-қатынасы нашарлауы мүмкін.

– Ойында 5 кейіпкер бар. Сюжетінде бала ата-анасын жек көреді, оларды алдап, әртүрлі жолдармен қашып кетеді. «Schoolboy Runaway» – бұл тек бірінші кадам. Содан кейін онымен байланысты басқа да қатыгез ойындар бар. Олар айтқандай, белгілі бір кезеңдерден өткеннен кейін балалар Telegram арналардан немесе QR код сілтемелер алады. Ал одан кейін бәрі әлдеқайда маңызды бағытқа ауысады, – дейді «WhatsApp» желісінде ойынға қатысты тараған ақпараттардың бірі.

Қазақстандық ата-аналар қауіпті ойындарды анықтап, әлеуметтік желіде балаларын сақтауды талап етуде. Тіпті кейбір аудиториясы кең блогерлер бұл дүрбелең тудырған қосымшаны жүктемеуін сұрап, сәк болуға шақырды.

Қауіпке назар аударған ҚР Білім министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті ойындарды бақылау және бұғаттау мақсатында мәдениет және ақпарат министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне хаттар жолдады. Сондай-ақ комитет ата-аналарға балаларын қауіпті контенттен қорғау үшін «ата-

ана бақылауы» функциясын орнатуда шақырды.

## Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда кейінгі екі аптада он суицид оқиғасы болды, оның жетеуі Алматыда. 12 және 13 жастағы қыздар, 17 жастағы жасөспірім, жергілікті жоғары оқу орнының студенті және үшінші курс курсанты қайтыс болды.

ШМ мәліметтері бойынша балалар арасында суицидтің орташа жасы 15-17 жасты құрайды. Алайда төтенше жағдайлар 11-13 жастан бастап-ақ жиі кездеседі. Балалардың ұялы телефонға немесе түрлі гаджеттерге тәуелді болуы оның психологиялық денсаулығына тікелей әсер ететіні рас. Оның қауіпі туралы сөз етіп, дабыл қағып жүрген сала мамандары да аз емес.

– Құрметті ата-аналар, біз сіздерді балаларыңыздың мінез-құлқы мен эмоционалдық жағдайын мұқият бақылауға шақырамыз. Олармен ашық диалог жүргізіңіз, сондай-ақ хоббиіне қызығушылық танытыңыз. Қолдау білдіріп, түсіністік таныта алатыныңызды көрсетіңіз. Әрдайым көңіл-күйіндегі, мінез-құлқындағы немесе әлеуметтік шеңберіндегі өзгерістерге назар аударыңыз. Егер әңгімесінен қандай да бір күдікті дүниені байқасаңыз, істі кейінге қалдырмаңыз, – деді Ішкі істер министрлігінің маманы Шыңғыс Әлкеев.

Баланың тәрбиесіне, оның күнделікті өміріне мән беру – ата-ананың міндеті. Қандай жағдайда бала өзіне зиян келтіріп, тіпті қол жұмсауы мүмкін: жалғыздық, жақын адамын жоғалту, ата-анасы, ту-

ыста-ры және достарымен жанжалдасуы, ата-ананың ажырасуы, оқудағы келеңсіздіктер және жазадан қорқу. Бұл бізге белгілі себептер, алайда баланың жандүниесін түрлі ой кернеуі мүмкін. Сондықтан баланың галамторда тамашалайтын контентіне баса назар аудару қажет.

Қазақстандық психологтар компьютерлік ойындардың зияны туралы бірнеше маңызды мәселені көтеріп жүр. Мысалы, суицидке бағытталған «Синий кит» секілді ойын депрессияға ұшыраған немесе отбасында қиындық көріп жүрген жасөспірімге ерекше қауіп төндіреді. Ойын балаларды шынайы өмірден алыстатып, виртуалды әлем арқылы қауіпті әрекеттерге итермелейді. Егер бала шынайы өмірдегі қызығушылық пен мотивациядан айырылса, бұл виртуалды әлемде уақыт өткізудің басты себебі болуы мүмкін.

Алайда барлық ойынды зиянды деп тану дұрыс емес. Стратегиялық және танымдық ойындар, мысалы, жоспарлау, логикалық ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға көмектесетін ойындар баланың интеллектуалды тұлға болып қалыптасуына жақсы әсерін тигізеді. Олар белгілі бір деңгейде оқыту құралдары ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Түйін. Ойын өмірдің бір бөлігі, бірақ шынайы өмірден алшақтаудың соңы ауыр болуы мүмкін. Осы орайда балалардың қауіпсіздігі қашанда маңызды екенін ұмытпағанымыз жөн. Қоғам қырағы болып, қайғылы оқиғалардың алдын алуға, балалардың қауіпті және сенімсіз контенттен алшақ болуына әрекет етуіміз керек.

Нұршат НЫШАНОВА

# АСАНҒА ҚАЙҒЫ БОЛҒАН – ЖЕРҰЙЫҚ

«Адам жүзге келмей өлмейтін, қой жылына екі төлдейтін жайлы мекен қазақ даласында бар ма?» деген сұрақтарға әлі күнге нақты жауап берілмеген. Тіпті, қазағым деп қайғырып өткен Асанға қазақ даласының қай түкпірінің топырағы төсеніш болып, төбесін жапқаны нақты белгісіз. Қазіргі кезде екі дерек бар: біріншісі бойынша, Жезқазған облысының Ұлытау ауданында, ал екіншісі бойынша, Қызылорда облысы Шиелі ауданында, аудан орталығынан 16 шақырым жерде жерленген деседі. Асан қайғыға арнап жасалған ескерткіш Асан ата кесенесі «Жеті әулие» қорымында делінген. Бұл болжамды деректер Қазақстан ұлттық энциклопедиясының Асан Қайғы туралы бөлімінде де келтірілген. (1-том, 471-472 беттері)

Анығын басып айту әулиеге бұйырмағанда, қара халықтың қазынасына жазылар ма? Бір білеріміз – ел арасына тараған аңыздар мен ақсақалдар айтып кеткен киссалар. Бүгінгі мақаланың да тірегі – Асан қайғының Шиелі жерінде жерленгені туралы көпке мәлім емес, көп айтыла бермейтін аңыздар.

Осындай аңыздардың бірін шежіреші, өзімнің туған атам Малқажар Өтегенұлынан естідім. Ол кісінің айтуы бойынша: «Қазақ сахарасын кезіп, жердегі Жұмақ – Жерұйықты іздеген Асанның қайғысын осы Шиелі жері құшағына басып жатыр. Аңыздарға сүйенсек, Жерұйықты іздеп бармаған жері, баспаған тауы қалмаған Асан ата Аралдан шығып, Қаратауды жағалай өтіп, Жетісуға қайтуға бекініп келе жатыр екен. Жол ортасы, желмаясы Шиелі жеріне келгенде көкке түсіп, шөгіп жатып қалса керек, бірнеше тұрақтапты.

Табағы тиіп, көзі көрген жердің бәріне сын айтып, кемі бар жерге мін айтып келе жатқан Асан Қайғы Шиелі жеріне де өз бағасын беріпті.

Үш күн ауыл шетінде үнсіз жатқан Асан қайғыны ауыл адамдары асқа шақырып, «сапарын жалғамай неге ұзақ жатып қалды екен, сырқаттан сау ма екен?» деп білгісі келеді. Аядай ауылдағы үлкен үйге асқа түскен Асан Қайғыдан ауылдың ақсақалы «Естүімше Жерұйықты табамын деп сапарда жүр екенсің. Бұл жерде неге сонша бөгелдің? Сырқаттан саусың ба?» дейді. Сонда Асан:

«Мына бір ауылдарыңыз, Жамбасың тисе жантайып, Жығылып жатар жер екен.

Желітіп жүрер желмая, Жатаған келер жер екен. Қонысы мен көшерге Жері де шіркін бер екен. Қысылмай тамыр жаюға, Елінің көңілі кең бе екен?» – деп ауыл адамдарына өзінің осында ұзақтау болатынын жеткізеді. «Құтылуға асыққан көрінбейік, сұрағанымыз – қашан кетерің емес, амандығың еді. Көңіліңнің қошы болса, қалағаныңша қоныста. Ел сыртында жатпай, ауылға, ел ішіне кіріп, ағайынмен бірге бол» деді жылы шыраймен ауылға бас болған ақсақал.

Ауыл адамдарына қосылып, қонысын тіккен Асан Қайғы ел жайын, жер жайын толық танып біледі. Тіпті, тіршілігіне еніп, байырғы тұрғынындай болып кетеді. Сапарлаудағы мақсатына жетпеген соң, Желмаясына мініп қайта аттанбаққа бекінеді. Сонда ауыл-ел адамдарына бас бұрмай тіке қарап, «Артыма үш қарап, кете берер едім. Бірақ, қимастықты басуға қанша қарасаң да жеткіліксіз» деп қайта келер ойы барын білдіреді.

Жетісуға келгенде, аяқтан шалғыш, жығылсаң жырлай күлетіндер Асан Қайғының өзін сыңға алғысы келгендей, «Қайда жердегі жұмағың? Таптың ба? Болса қане, ерте кет біздерді» десіпті.

Асаннан «ия, таптым» деген жауапты күтпеген олар, қандай екенін білуге асығыпты. Сонда Асан Қайғы нақты қай жер екенін айтпай, Шиелі жеріне мынадай бір сипаттама береді:

Буаз болмай-ақ биесі, Бел қайысқан жер екен. Кең далада кейкімен, Жел жарысқан жер екен. Жайыны жеммен семірген, Егіні толған жер екен. Қорасында кемі он жылқы, Жарлы байына тең екен. Мекен-тұрағын сұрағандарға: Жидесі толы көктоғай, Жиделі Байсын дер едім. Самсаған алма бағына, Алмалық атын беремін. Көшуге бірақ асықпа, Ол емес тұрақ-мекені. Қара тауының етегі,

Қазығы терең қағылған. Таласқа түсер жетеді, Тарихы тасына жазылған. Кімнің елі, кімнің жері екенін, сұрағанға:

Сыр өзен сылдыр су аққан, Жағасында оңшең би жатқан, Төрелік қылғанда абыздар, Шешімін кесіп тең айтқан, – деп аузы дуалы, туғаны жоқ тура билер мен кемінді кесіп айтатын шешендердің ауылы екенін жеткізгенде, жетуге асық болған адам алалары аяғын тарта бастаған екен. Бұл жердің тұрғындарының әділдік пен теңдіктің дәрежесіне: «Шиінде шері жатқанда, Ши бөрісі шенгел кезген жер. Шенгелде шіні жатқанда, Құлыңсыз бие қапқан жер. Халықтың басқа бұққаны, Басшысы үнсіз, халқы жым. Ұрыға иман қонғаны, Малшысы жалаң, бие тың» деп баға береді.

Бұл жерге де аяқ басуға батпаған халқына, осыдан артық жер табармын ба деп қайта жолға шыққанда, Желмаясы желіте жүріп, тағы да Шиелінің жеріне жеткізген екен. Арыға аяқ баспай, керіге кеудегеі намыс жібермей, қажыған Асан Қайғы өмірінің соңына дейін, жалғыз ғана көңілі толған күт мекен – Шиелі жерін мекендеген деседі.

Асан Қайғының ел-жерге айтқан сындарының арасынан Шиелі жеріне айтқан сыны кездеспей, тек ауыл адамдары арасында тараған аңыздардан ғана табылуы, таңдандырарлық нәрсе. Бәлкім, осындай топырағы құнарлы, адамдары бауырмал, егіні толы жерді өзіне сенбеген елден жасырын қалдыруды қалағаннан да болар. Бәлкім, айтқан күннің өзінде ел көшіп келмеген болар, әйтеуір, беріге дейін қазақ руларының аяғы баспапты. Бұл жердің тарихы мен тағылымын жыр ету ғасырлар бойы рудан тыс Абыз әулеттеріне бұйырған бақ болды. Асан Қайғының



Шиелі топырағына жерленгені туралы шындыққа толы аңыздардың негізін салушылар осы Абыз әулеттері деп басып айта аламыз. Ал дәріптеушілері әр рудың ақсақалдары мен шежірешілері. Осындай туған жерімізге қатысты терең мағыналы аңыздарды, тағылымды тарихымызды біліп жүру – бүгінгі жастардың басты міндеті, жарқын болашаққа бастар, тура бағытты нұсқар темірқазығымыз.

Диас МАЛҚАЖДАР,  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінің «Филология» бөлімінің студенті  
Бақытжан АХУНОВ,  
жетекшісі



# ТАБИҒИ ӨНІММЕН ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН ДӘУЛЕТ



БАСЫ 1-БЕТТЕ

Мен бала кезімнен кәсіпке жақын болдым. Көп балалы отбасынанмын. Ата-анам үйдегі сиырдың сүтін сатумен айналысты. Таңғы 5.00-де сиырды сауады, ал біз тапсырыс берушілерге жеткізетінбіз. Бұл істі кәсіпке айналдырып, сабақтан да қалмай жүрдік. Тұтынушылардың саны артып, отбасылық бизнес дөңгеледі. 9-сыныпта жеке көлігімді, яғни «газель» сатып алдым. Онымен де жұмыс істеп, пайданың көзін таптым.

Кейін оқуға түстім, бірақ кәсіпкерлік жүрегімнен де, ойымнан да кетпеді. «Қалай бизнес ашуға болады?» деген сауалға тұшымды жауап іздеумен жүретінмін. Жұмысқа орналасқан соң қызметтік жүктемеме байланыста таңертеңнен кешке дейін жұмыста болсам да, кәсіпті тастамадым. Сонда әкем «Әй, өзіңді қинамашы. Түбі кәсіпкер боласың ғой» дейтін.

2019 жылы пандемия басталды. Елге сырттан өнім келмейді, зат тасымалданбайды. Ал карантин уақытында антисептик, сабын секілді тауар тапшы болды. Міне, сол сәтте ішкі экономиканы дамыту керектігін түсіндім. Ізденіп, зерттеп сабын өндірісін қолға алу тиімді екеніне көзім жетті. Осылайша кірсабынға тоқталдым. Жұмысты бастау үшін станоктарды көрші Өзбекстаннан алдырттым. Бірақ елге жеткізу қиын болды. Сәті түсіп станок келді. Сабын сатылымға шығып, өзінің тұтынушыларын тапты. Жастардың сөзімен айтқанда «хит» болды.

Сабын өндіруді бастағанда көлігімді саттым. Сол қаражатқа шикізат алып, алғашқы қадам жасалды. Жалпы кәсіп бастау үшін көп қаражат қажет екені белгілі. Өндірісте шикізат арқылы өнім шығарасын. Бастапқыда барлығы ойдағыдай бола бермейді. Алғашқы кезеңде көп шығынға ұшырадым. Бұл ретте білікті мамандардың тапшылығы байқалды. Қазақстанда өз ісін толық білетін технолог маман өте аз. Кейіннен өзбекстандық сарапшылармен байланыстық. Бірақ олар қолданатын қоспалар Қазақстанда жоқ екен. Командамен ойлана келе кір сабынға сиырдың іш майын қосу туралы шешім қабылдадық.

## – Неге сиырдың іш майы?

– Орта жастағы адамдар мұны жақсы түсінеді. Балалық шағымызда сиыр сойылған кезде іш майын алатынбыз, оны күйдіріп, майға айналдыратын. Ал қалған шымықты нанмен жейтін едік. Сол май тоңмай болып, тамақ әзірлеуде қолданылатын. Бала кезімде көріп өскен осы сиырдың іш майын бүгінде өнімімізге қосып жатырмыз. «Ішке пайдалы нәрсе сыртқа да пайдалы болады» деген оймен, 2019 жылдан бері таза, табиғи өнімдерді шығара бастадық.

Дамыған заманда адамның денсаулығына зиян тигізетін өнім болмау керек деп есептеймін. Өкінішке қарай, қазір тауардың өзіндік құнын азайтамын деп арзан баламалы қоспаға жүгінетіндер бар. Ал мен мұндайға жол бермеймін. Мысалы, қарапайым сиырдың іш майын алайық. Тандыр самса шыққалы майдың да құны көтерілді. 1 келесі 700 теңге болса да біз таза өнімді қолдануды тоқтатпаймыз.

## – Кір жуатын ұнтақ туралы айтып берсеңіз...

– Ұнтақтың өзі кальциленген сода. Мысалы, қарапайым содаға қосымша заттар қосу арқылы жасалады. Біз де технолоктармен ақылдасып, зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Кейіннен құрамын нақтылап, 8 химиялық зат таңдап алдық. Оның ішінде көпіретін, аллергия бермейтін, киімді жұмартатын, тазартатын, тоздырмайтын, бактерияларды өлтіретін және кір жуатын машинаға зияны жоқ заттар бар. Өзіңіз де байқаған боларсыз, кейінгі уақытта аллергияға бейім адамдар көбейді. Сол үшін гипоаллергенді заттарды қосамыз. Ал ұнтақты «Ак-Ние» деп атадық. Қаладағы дүкендердің сөресінен таба аласыздар. Түркиядан келген мамандармен де бірге жұмыс атқардық. Біздің өнімдерді тексеріп, өздерінің өнімдерімен салыстырды. Технолоктар тауардың құрамынан мін таба алмады. Олардың зауыттары күніне шамамен 5 тонна өнім шығарады.

## – Заңгер болғаныңыз кәсібіңізге қалай әсер етті?

– Құқық саласында қызмет етуімнің бизнеске пайдасы тиді. Өнімнің зерттеу жұмысы болсын, бағдарламалар немесе басқа да құқықтық мәселелер болсын, мүлдем қиналмадым. Сол білімімнің арқасында мемлекеттік қолдауға ие болдым. Кәсібімді кеңейтіп, сабын мен ұнтақты бөлек өндірудемін. Әуелде екі өнім бір жерде жасалатын. Қазір сабын өндіруге арналған 150м² көлемде цехым бар. Бизнесім аса үлкен емес. Цех форматында жұмыс істеп, 10 адамды жұмыспен қамтып отырмын.

## – Оқырмандарға кеңес болсын, кәсіпкерлерге қандай мемлекеттік бағдарламалар тиімді?

– Ауыл тұрғындарының табысын арттыратын, қолайлы бағдарламаның бірі – «Ауыл аманаты». Қарыз алу шарттары да өте тиімді. Себебі ондағы пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда төмен. Яғни кәсіпкерге 2,5%-бен 9 миллион 200 мың теңге қаржы береді. Өндірістің дамуына жағдай жасайды. Кейінгі жылдары мұндай жобалар көбейді. Өте сәтті, жақсы және дер кезінде қолға алынған бағдарлама деп ойлаймын. Сізге қаржы беріп тұрса, неге қолданбасқа?! Сондай-ақ «Өңірлік қаржылай қолдау орталығы» бар. Бұрын 2%, ал қазір 6%-бен 5 жылға несиелер беріледі. 2 жыл «демалыс кезеңі» бар. Ал қалған жылға несені төлеуге кесте бекітесіз. Өзіңізге ыңғайлы кесте арқылы несиелер төлеу әр кәсіпкер үшін керемет жеңілдік деп есептеймін. Мысалы, мен несиелер алғанда жаз айында көп сомма төлеуге келістім. Себебі сол кезеңде сабын өте жақсы өтіп, сұраныс артады.

## – Басқа өңірлерден сұраныс бар ма?

– Иә, тапсырыс түсіп жатыр. Қүзде өтетін өнімдер жәрмеңкесінде біздің тауарлар бір күнде сатылады. Онда сұраныс өте жоғары. Кейбір қалаларда тағыстарымыздың дүкендері бар. Олар да біздің өнімдерді сұрайды. Солардың ішінде Жезқазған, Сәтбаев қалалары «Ак-Ние» өнімін жақсы тұтынады. Ал Астана – келесі үлкен нарық. Жуырда Астана қаласында Қызылорда өнімдерінің

жәрмеңкесі өтті. Ауқымды іс-шараға 7 тонна өнім жібердік.

## – Жастарға кеңес болса...

– Кәсіпкер болған соң әр нәрсемен айналысудың қажеті жоқ. Белгілі бір дүниенің шынына жету керек. Яғни, сабыммен 5 жыл, кейінгі бір жарым жылда ұнтақты қолға алдым. Осы екі кәсіп маған жеткілікті. Бұл өнімдерге әлі де күш салуым қажет.

Кәсіп бастау оңай емес. Сіз журналист, ал мен заңгермін. Екеуі біріне бірі ұқсас. Мен кезінде білім алдым, тәжірибе жинадым. Қазір сот процесіне қатыса аламын. Адамдардың құқығын қорғаймын. Сол секілді сіз де моральдық тұрғыдан көп жұмыс істейсіз. Ал кәсіп физикалық тұрғыдан шаршатады.

Кеңес сұрайтын жастарға «алдымен 100 теңгені 150 теңгеге айналдырып көр» деймін. Сол секілді кішкентай дүниені дөңгелетіп, кәсіп бастаңыздар.

Бұл ретте қолдаудың да маңыздылығын айтқым келді. Кеше әлеуметтік желіге «Туысқандарыма ренжідім» деп видео жарияладым. Бұл менің ғана емес, барлық кәсіпкердің реніші. Мысалы, тойға жүз туысқаныңызды шақырсаңыз, түгел келеді. Ал сіз кәсіп бастап, қолдауға мұқтаж болсаңыз жартысың да таба алмайсыз. Дүкен сөресінде басқа ұнтақтармен қатар біздің өнім тұрса, олар басқа ұнтақты сатып алады. Кәсіпкерлерге жақындарының демеуі ауадай қажет екенін жеткізім келеді.

Енді өндіріс туралы жеңіл мысал алайық. Жалпы адам ұйқыдан тұрғаннан бастап не істейді және не қажет етеді? Тіс пастасы, тіс щеткасы, сусабын, жұмсақ халат – осының бәрі таңертеңгі қажеттіліктер. Міне, адамдардың таңертеңгі уақытта қолданатын өнімдерін тізіп шықтық. Тек таңғы уақыттың өзіне осыны өнім қажет. Мұнан кейін көпшілік кофе ішеді, ал ол көбіне сырттан келетін өнім. Оның орнына жантақ шайын өндіруге болады. Осы орайда өндіруге назар аударып, неге өндіріс ашпасқа? Жас кәсіпкерлер осындай жағдайларды ескерсе деймін.

## – Өңіміңізге рақмет!

### «БЕСАРЫҚ» ЖАҢА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

Сырдария ауданындағы «Бесарық» ауылында апта басында бірқатар жаңа өндіріс орны жұмысын бастады.

Олардың қатарында фри таяқшалары зауыты, «Ауыл аманаты» жобасымен наубайхана, кондитерлік және жартылай дайын өнім цехтары, жұмыс қолғабы, шұлық, пластик ыдыстар, сабын, ағаш бұйымдары өндірістері бар. Тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге дайын «Қызылорда» супермаркеті мен дәмхана да өз есігін ашты.

Айта кетейік, «Абай-Дәулет» серіктестігі кейінгі жылдары «Бесарық» ауылын көркейту, қоғалдандыру, күрделі жөндеу жұмыстарына 730 миллион теңгеден астам қаржы бөлді. Шаруашылықтың қаржысы есебінен ауыл әкімдігі, мектеп, балабақша, мешіт ғимараттары күрделі жөндеуден өткен. Ал биыл 642 миллион теңгеге мәдениеті үйіне күрделі жөндеу, орталық алаңға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Мұнан бөлек жаңа өндіріс орталығы бой көтерді.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында да ауыл тұрғындарына қолдау көрсетіліп келеді. Өткен жылы «Сыр құсы» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі шаруашылықтың кепілдігімен 27,6 миллион теңге көлемінде несиелер алып, қарқынды түрде жұмысын бастады. Бұл жоба ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға және ауыл шаруашылығын дамытуға айтарлықтай үлес қосуда. «Бесарықтың» жаналығы мұнымен тоқтамайды. Биыл ауылда мың шаршы метрлік шағын өндіріс орталығы салынып, 13 кәсіпкер өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды.

### 9 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГРАНТ АЛДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау үшін жыл басынан бері 8941 грант, оның ішінде 5769-ы ауыл тұрғынына берілді деп мәлімдеді.

Мал шаруашылығына 2 331, өсімдік шаруашылығына 101, құрал-сайман, еңбек құралдарын сатып алуға 2 425, ал технологиялық жабдықтарға 3 941, жалға алуға 143 грант табысталған. Оның ішінде 5646 грант көпбалалы отбасылардың үлесінде. Үміткерлерден 30 мыңнан астам өтінім қабылданды. Олардың көбі Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарынан және Шымкент қаласынан түсті. Келесі жылы да 9 мың грант беру көзделіп отыр.

### ІШКІ САУДАДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ 4 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Еліміздегі ішкі саудадағы кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында биыл мемлекеттік бюджеттен 4 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы Сауда және интеграция министрлігінің комитет төрағасы Айдар Әбілдабеков мәлімдеді.

Кәсіпкерлер бұл қаражатты сауда нысандарын салу, кеңейту немесе жаңғырту, үй жанынан дүкен ашу, сондай-ақ IT-бағдарламалар әзірлеуге пайдалана алады. Алайда ойын-сауық орталықтарының иелері, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы бизнес субъектілері бағдарламаға қатыса алмайды. Қолдау екі тәсілмен жүзеге асады. Несие мөлшерлемесін субсидиялау және несиелер кепілдік беру. Бағдарламаның шарты бойынша облыс орталықтарында сауда нысандарын іске асыратын кәсіпкерлерге берілетін сома 3 миллиард теңгеден аспайды. Ал моноқалалар мен ауылдық жерлердегі жобалар үшін 1,5 млрд теңге көлемінде қаражат беріледі. Сонымен қатар елдегі базарларды жаңғыртуға арналған жол картасы әзірленді. Бұл бастама аясында 115 базарды өзгерту көзделген. Биыл 16 базар жанартылса, қалғаны келер жылға жоспарланып отыр.





# ЖЖ ҒАСЫРДЫҢ



## ФИЗИКАСЫН 26 МЕН 31 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАМАТТАР ЖАСАҒАН

Елімізде биыл алғаш рет 1 қазанда жоғары білім қызметкерлерінің күні атап өтілді. ЖОО оқытушылары – академиялық білім берумен қатар, ғылыммен айналысатын сала мамандары.

Бүгінде физика-математика секілді күрделі ғылым салалары қалай дамуда, аймақта зерттеу жүргізуге жеткілікті мүмкіндік бар ма? Жас ғалымдардың атын неге біле бермейміз?

Бұл сұрақтарға жауап табу үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құрметті профессоры», техника ғылымдарының кандидаты Бақыт Қалиевпен сұхбаттастық.

– Бақыт аға, еңбек жолыңызға қарасам, оқытушыдан бастап, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, лицей директоры, проректор қызметтерің атқарған екенсіз. Жастар басылымы болғандықтан қандай студент болғандығыңыздан бастасак, Тұлға болып қалыптасуыңызға кімдер ықпал етті?

– 1974 жылы Қызылорда қаласындағы Ү.Алтынсарин атындағы №10 мектепті бітірдім. Ол кезде оқуға түсу қиын. Бір жыл түсе алмай, Электр желілері компаниясында электромонтердың шәкірті болып жұмысқа орналастым. Осылайша 1976 жылы Физика-математика факультетінің студенті атанып, оны 1980 жылы үздік дипломға бітірдім. Бауыржан Момышұлы атамыздың «Өмірдің әртүрлі кезеңінде маған жақсы ұстаздар кездесті» дегеніндей, студент кезімде маған мықты ұстаздар білім берді. Оқытушыларымды үлгі тұтып, «олардың деңгейіне жеттім бе, жетпедім бе?» деп кейде лекцияларымды ұстаздарым оқыған лекциямен салыстырамын. Олар – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Құдайбергелі Жанберген, техника ғылымдарының кандидаты Базарбек Қашқынбаев.

Базарбек Қашқынбаев – Қызылорда облысында алғаш рет техника ғылымы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған ғалым. Осы екі кісі ғалым, ұстаз болып қалыптасуыма әсер етті. Алғашқы ұстазым лекцияны қалай оқу, тақтаны қалай пайдалану керектігін үйретсе, екіншісі ғылымға баулыды. Сол кісінің ақылмен Украина ғылым академиясының жанындағы Электродинамика институтына қабылданып, аспирантурасын бітірген бірінші қазақпын.

Алдымен Украинада 2 жыл ғылыми тағылымдамадан өттім. 3 жыл аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертациямды қорғадым. Бұл Кеңес үкіметі тарап жатқан 1991 жыл еді. Менің зерттеу салам – ғылыми тілде айтатын болсақ, кибернетика, елдегі ағайынға түсіндірер болсақ, физиканы есептерін компьютерде шығару.

– 1991 жылдан кейінгі уақытты өтпелі кезең дейміз... Елдің бәрі күнкөрістің қамымымен саудаға бейімделді. Ғылымды тастамауыңызға не әсер етті?

– Шынымен де, өте ауыр кезең болды. Кеңес Одағынан бөлінген елдің бәрі мұны басынан кешірді. Мысалы, Киевтегі мықты достарым көше тазалап кетті. Өйткені ол – ғылымға ақша бөлінбейтін, айлық төленбейтін уақыт. Келіншегім үйде бөпемен отырды. Нан алатын ақша болмады. Бірақ өмірімді осы салаға арнағаннан кейін басқа жұмысқа бармадым. Бірте-бірте жағдай қалыпқа келді. Өмірде өз жолымды тапқан адаммын деп есептеймін.

– Сонда университетте 40 жылға жуық қызмет еттіңіз ғой...

– Иә, оқу бітіріп келген кафедрада аға оқытушы болдым. Сол кездері Қорқыт ата университеті педагогикалық емес гуманитарлық университет болды. Басқа да мамандықтар ашуға рұқсат берді. Осылайша 1995 жылы Экономика факультетінің деканы болып тағайындалдым. Киевте оқыған екінші мамандығым информатика болатын. Ал жаңа факультетте информатика пәндерінің қосылғанын ескерген болуы керек сол кездегі ректор Бакбергелі Досмамбетов декандыққа шақырды. Бір қызығы, сол жылдары қазіргі №1 оқу ғимаратына сән берген сұбарқак Онтустік Кореядан әкелініп, ғылым кеңес мүшелері Қаратаудан алдырылған ағаштарды аулаға отырғызған болатын. Бірақ әуелден-ақ декан болғым келмеді.

– Не себепті?

– Жалпы қызметке қызыққан адам емеспін. Қызметтің бір жаманы біреудің қас-қабағына қарайсын. Одан да өзімен өзі сүйікті жұмысыңмен айналысқан жақсы. Бірақ өмірде адам айтқаны

бола бермейді. Осы жоғары оқу орнының барлық қызмет сатысынан өтіп, әр жылдары кафедра меңгерушісі, декан, проректор, университет жанынан ашылған қазақ-түрік лицейінің директоры болдым. Ал 2022 жылы зейнетке шыққаннан кейін қызметті өз еркіммен тапсырдым. Қазір тек кафедраның доцентімін, университеттің құрметті профессорымын. Студенттерге физиканың фундаментальді салаларынан дәріс беремін.

– Бұл сала бойынша қызылордалық Асан Тайманов, Аскар Жұмаділдаевтарды айтамыз. Сыр өңірінен шыққан деп тағы қандай ғалымдарды айта аламыз?

– 1937 жылы Қыыр Шығыс Корея педагогикалық институтының Қызылорда қаласына қоныс аударуы негізінде Қызылорда педагогикалық институты ашылды. Университеттегі қазіргі физика-математика факультеті сол кездегі тарихпен тікелей байланысты. Ол кезде физика мен математика бөлек болған. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында Украинаның біріккен университетінің ғалымдары Қызылорда педагогикалық институтының базасында жұмыс істеген. Олар осы жақта екі жыл жұмыс істеп, кетерде материалдық-техникалық базасын қалдырып кеткен. Тіпті кейбір профессорларға Қызылорданың ауа райы жаққаны сондай, осы жақта қалған.

Академик Асан Таймановты жақсы білесіздер. Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыс біткеннен кейін Мәскеуде кандидаттық диссертация қорғағанын Қаныш Сәтбаев «Вечерний Москва» газетінен көрген ғой. Содан оны Алматыға жұмысқа шақырады, бірақ соғыс кезінде тұтқынға түскендіктен Алматыға емес Қызылордаға еңбек етуге жібереді. Осылайша қазіргі физика-математика кафедрасында 7 жылдай меңгеруші болып қызмет еткен. Өзінің іргелі ғылыми жұмыстарының барлығын Қызылордада дайындаған. Осы жерде алғаш рет республикалық олимпиада өткізген. Бірақ кейін ғылыми жетекшілері Новосібірге алып кетті. Қазір ол кісінің атында университетте кабинет пен ескерткіші бар. Сол кісі Сыр өңірінде үлкен математикалық мектепті қалыптастырып кетті.

Бізден шыққан атақты ғалымның бірі – математик Әбдімәлік Нысанбаев. Математиканы бітіргеннен, диссертацияны философиядан қорғаған. ҚР Ғылым академиясының академигі болды. Біздің физика математика кафедрасында білім алған Болатбек Әбдірасілов қазір Ұлттық бірінші тестілеу орталығының директоры. Ондай шәкірттеріміз өте көп.

Өткен ғасырда шетелдік оқу орындары ғалымдарының Сыр өңірінде жұмыс істеуі ғылыми мектептің қалыптасуына ықпал етті. Жалпы физика-математика саласына кез келген бала келмейді. Бірақ қазіргі жағдай сәл нашарлап бара жатқандай...

– Баланың қабілетті болуы кімге байланысты?

– Мұғалімге байланысты.

Қазіргі мұғалімдерге көп дүние жеңіл болып қалды. Материалды интернеттен алады. Ал біздің кезде ондай болған жоқ. Әйінштейнен «зертхананыңды көрсетіңізі» дегенде, жұмыс столы мен орындықты көрсеткен.

Жас ғалымдар міндетті түрде көркем әдебиет оқуы керек. Студенттеріме «Абай жолын», «Махаббат кызық, мол жылдарды» оқындар деймін. Өзім «Абай жолын» 3 рет қазақша, 1 рет орысша оқыдым. Мұхтар Әуезов секілді Қазақстанда жазушы жоқ, оны оқығаннан кейін басқа роман оқығың келмей қалады. Қазіргі жастар кітап оқымайды.

– Өмір сүру сапасы артқан сайын, нақты ғылымға қызығатын жастар азайып бара жатқандай. Академиялық білім алып жүрген жастар туралы не айтар едіңіз? Нақты ғылыммен айналысқысы келетіндері көп пе?

– Физиканың білім беру бағдарламаларын жасағанда міндетті түрде студенттерді ғылымға бағыттайтын пәндер қосамыз. Мысалы, бізде физика-математика ғылымдарының докторы Бақытхан Әбдікәрімов жұмыс істеуде. Студенттерге сабақ өткізеді. Өзім айналысатын саланы да оқу процесіне енгізіп қойдым. Бакалавиратта оқыған шәкірттеріміз магистратураға, докторантураға оқуға түседі.

Адам ғылыммен жас кезде айналысуы керек. Ғылымға ден қойған жастар жоқ деуге болмайды, көпшіліктің ішінен шығады. Жастарға көңіліміз толмайды ғой. Бірақ Аристотель, Платонның кезінде де «Жастар бұзылып бара жатыр» деген екен. Тек жастардың көзін ашу керек. Қазір Т.Есетов атындағы №264 мектепте де қосымша жұмыс істеймін. Жеті жылдай болды, оқушылардың ғылыми жұмыстары бойынша жетекшілік жасаймын. Олар республикалық, халықаралық ғылыми жобалар байқауларынан жеңімпаз атанып жүр.

– Университет жасанды интеллект бойынша Кореямен бірлесіп маман даярлауда. Физикамен байланыстырып жобалар жүргізу жоспарда бар ма?

– Жасым келіп қалғандықтан, жеке өзім ондай жобалар жасап жатқан жоқпын. Кезінде түрлі ойлар болған. Бірақ қызметте жүргенде ғылыми жұмыспен айналысу өте қиын. Мысалы, проректор, декан болсаңыз, ғылыми бағыт ашқым келеді. Бірақ кезінде сондай ғылыми бағыт ашқым келді. Бірақ бізде Аскар Жұмаділдаевтың тікелей шәкірті «Физика және математика» білім беру бағдарламасының профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Шерәлі Ибраев сол кісінің ғылыми мектебін жалғастыруда. Өзінің саласы бойынша магистрант, докторанттарға лекция оқуда.

Кафедраның профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Аңғысын Сейтмұратов та университетте өзінің саласы бойынша ғылыми мектеп қалыптастырды. Біреуі математикадан, бірі механикадан.

– Неге ғылым дегенде мықты жас ғалымдарды ести бермейміз?

– Осы сұрақты маған студенттерім де қояды. Мысалы, Әйінштейнді әлемнің бәрі біледі. Ал қазір неге білмейміз? Мүмкін, оған уақыт керек шығар. Университеттегі танымал жас ғалым дегенде «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың бас ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының кандидаты, зерттеуші профессор Нұрбол Аппазовты айтар едім. Ол бірнеше жобаны қатар атқаруда. Өз саласы бойынша ғылыми мектепті қалыптастырды.

– Менеджерлік қызметтен босағаннан кейін ғылыми еңбектер жазуға көңіл бөлген боларсыз?

– Зейнетке шыққаннан кейін 5 әдістемелік құрал дайындадым. Галилейден бастап осы салада елеулі еңбек еткен 15 физик туралы кітап жаздым. Бұрынғы еңбектерде қайда туылғаны, не ашқаны ғана жазылады. Ал мен адам ретінде қандай болғанын зерттедім. Қазір оқу процесінде пайдаланылуда. Екінші кітабым – XX ғасырдың физикасына арналды. XX ғасырдың физикасын 26 мен 31 жас аралығындағы азаматтар жасаған. Олардың бәрі акын, әдебиетші, журналист, музыкант болған. Бір-біріне хатты өлеңмен жазған, тарихпен айналысқан. Мысалы, Әйінштейн музыкант болған. Скрипкада жақсы ойнаған. Макс Планк деген физик пианинода жақсы ойнаған, хорда дирижер болып, музыкада жаналық ашқан. Тіпті оған физикаға емес, музыкаға өмірдің арна деген. Бізде физиктердің көбі өлең жазады. Бірақ менде ондай дарын жоқ.

– Бұл кітапты студенттер ғана емес, оқушылар да оқыса, болашақ мықты ғалым болуға ынталандыратын секілді...

– Мектепке де бердім. Өзімнің әдістемемнің дұрыстығына көзім жетті. Университет жанында қазақ түрік лицейі және Қабілет деген мектеп болды. Қабілет мектебінде 12 жыл физикадан сабақ бердім. Ал мектепте сабақ беру оңай емес. Ол жақта әдістеме басқа. Солардың деңгейінде сөйлеу керек. Физиканы оқушыларға кітаптың тілінде айтау керек. Соған мұғалім біріншіден артист, екінші адам ретінде балаға дос болуы, ең соңында ғана маман болуы қажет.

– Ғалым болудың тиімді және тиімсіз тұсы бар ма?



– Өте қызық сұрақ. Ғалымдардың ерекшелігі туралы айтып отырсыз ғой. Адамзат баласының тарихында Ньютон секілді ғалым болған жоқ. Ньютон секілді ғұламалықты одан кейін ешкім көрсеткен жоқ. Тек екі жылдан кейін Альберт Әйінштейнді Ньютонмен салыстырады. Айтайын дегенім, ол негізі науқас болған. Ондай науқастардың ортаға зияны жоқ. Олар көпшілік ортада өзін ұстай алмайды. Бірақ ондай адамдар ғылымның бір саласынан мықты болып келеді екен. Ал Дирак деген ғалым Нобель сыйлығын алмаймын деген. Ньютон екеуінің ауруы бірдей болған. Ньютон көшеде келе жатып, басқа жаққа кетіп қалады екен. Үйіне қонақ шақырғанын ұмытып кететін болған. Себебі барлық уақытта есеп шығарып жүрген. Олар уақытынан ерте есейген адамдар. Олар жүз жылға алға кетуі мүмкін.

– Қазір жастардың көбі шетелде оқығысы келеді. Қай елдерде физика саласы жақсы дамыған?

– Жалпы физиканың отаны – Англия. Физиктердің ең көп шыққан жері де сол ел. Одан кейін Германия, Францияда жақсы дамыған. Студенттердің мұндай ғылыми ортаға баруы өте маңызды дер едім.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдаңа ЖУМАДИНОВА





**Цереброваскулярлық аурулар мен ишемиялық инсульт қазіргі медицинадағы ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Қабылданған шараларға қарамастан, дамыған елдерде инсульт жүрек және онкологиялық патология – өлім әкелетін себептер арасында екінші орында тұр.**

## ЖАС АДАМДАРДА ИНСУЛЬТТИҢ ДАМУЫНДАҒЫ ГОМОЦИСТЕИННІҢ РӨЛІ

Дүние жүзіндегі әрбір оныншы адам инсульттан қайтыс болады және инсульт алған әрбір үшінші пациент қана бұрынғы еңбек қызметіне оралады. Кейбір авторлардың пікірінше, болашақта инсульттан болатын өлім-жітімнің одан әрі өсуі болжануда.

Әлемде жыл сайын 33 миллионнан астам адам инсультпен ауырады, оның 5 миллионы аурудан қайтыс болады. Ал Қазақстанда жыл сайын 40 мыңнан астам адам инсультке шалдығады. Яғни, сырқаттанушылық, өлім-жітім және жоғары мүгедектік құрылымында жетекші орын алады. Жыл сайын бұл статистика өсуде. Мәселен, 2023 жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылмен

салыстырғанда ишемиялық инсульт саны 1302 жағдайға артты. Әсіресе жас кезіндегі цереброваскулярлық желі бұзылулар проблемасы өткір. Инсульт алған барлық пациенттің 35,5%-ы еңбекке жарамды жастағы науқастар және олардың тек 20%-ы ғана еңбек қызметіне қайта оралады. Инсульттің патогенетикалық аспектілерін зерттеу бойынша жүргізілген кең ауқымды ғылыми зерттеулерге қарамастан, дәстүрлі қауіп факторлары бар адамдар саны азаймай отыр және өлім-жітім өсуде.

Жүрек-қантамырлары ауруларының жаңа қауіп факторларының бірі – гомоцистеин. Алайда, гомоцистеиннің ауырлығын болжаушы



ретіндегі рөлі туралы мәселе толық түсіндірілмеген күйінде қалып отыр, бұл қосымша зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Гомоцистеин метионин метаболизмі арқылы реметилдену және транссульфурацияға ақциясы арқылы түзіледі. Бұл процестер бұзылған кезде қандағы гомоцистеин концентрациясы жоғарылайды.

Гипергомоцистеинемия екі жақты әсер етеді: біріншіден, эндотелийдің зақымдалуына және ерте атерогенездің дамуына әкеледі. Екіншіден, веноздық және артериялық тромбоздардың даму қаупін арттыратын прокоагуляциялық потенциалды арттырады. Оның

жиналуы артерия қабырғаларының копсытылуына, эндотелийде жергілікті ақаулардың пайда болуына әкеледі, бұл өз кезегінде холестерин мен кальцийдің тамыр қабырғасына орналасуына апарды.

Гомоцистеин атеротромботикалық және кардиогенді ишемиялық инсульттердің дамуы үшін ерекше маңызды болып табылатын анти-тромбин III, с протенин тежеу және V және XII факторларын белсендіру қабілетінің арқасында әлеуетті прокоагулянт болып табылады. Тіндердің тыныс алуына әсер етіп, төмен тығыздықтағы липопротеидтердің және атеросклеротикалық бляшканың басқа компоненттерінің тотығуын тудырады, гомоцистеин эндотелий жасушаларында тотығу стрессін туындатады. Сонымен қатар, N синтаза ферментін тежеу арқылы ол азот оксидінің-күшті эндогендік вазодилататордың синтезін бұзғандайды. Гомоцистеинемияның ауыр түрі балалық шақтағы тромбоз, негізгі артериялардың зақымдануы сияқты жарқын клиникалық көріністерге ие, көбінесе әртүрлі ақаулармен біріктіріледі.

Кейінгі онжылдықта «ағзадағы патологиялық процестер патохимиялық, соның ішінде зақымдалған мүшелердегі молекулалық өзгерістерден басталады» (Selzer RR, Rosenblatt DS, Laxova R, Hogan K. 2022) Осыған байланысты патоло-

гияны генетикалық деңгейде зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Генетикалық маркерлермен байланыстылықты анықтау өзекті болып табылады. Патофизиологиялық және иммуногенетикалық механизмдерді кешенді зерттеу және ауруды болжау әдістерін әзірлеу арқылы диагностиканы жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін одан әрі іздеу инсультті зерттеудің заманауи және басым бағыттарының бірі болып табылады.

Осы уақытқа дейін, әдебиеттердің мәліметтері бойынша, Қазақстанда инсульт кезінде науқастарда тотығу стрессінің құрамдас бөлігі ретінде гомоцистеин генінің полиморфизмі бойынша зерттеулер жүргізілген жоқ. Аурудың патофизиологиялық және иммуногенетикалық аспектілерін зерттеу арқылы тотығу стрессін теренірек зерттеу ерте диагностиканың жаңа ғылыми стратегияларын әзірлеуге және инсультпен ауыратын науқастарда аурудың нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді деп күтілуде

**Айнұр ТОҚШЫЛЫҚОВА,**  
PhD, Анестезиология және реаниматология кафедрасының доценті м.а.


**Жансұлу САРҚҰЛОВА,**  
м.ғ.д. профессор анестезиология реаниматология кафедрасы жетекшісі

«Киберспорт» соңғы жылдары әлемдік деңгейде қарқынды дамып, миллиондаған жанкүйердің сүйікті спорт түріне айналды. Бұл салада дәстүрлі спорт түрлері секілді кәсібилік, айла және шеберлік қажет. Қазақстанда да, әсіресе Алматы қаласында киберспортқа деген қызығушылық күн санап артуда. Жас таланттар халықаралық аренада танылып, еліміздің даңқын асқақтатып жүр. Олар – Дастан Сәтбаев, Әлібек Жақыпов және Асқар Әдірханов.

Дастан Сәтбаев – Dota 2 әлемінің жұлдызы. Ол киберспорт әлемінде «Arteezy» лақап атымен танымал. Алматы қаласындағы атақты ойыншылардың бірі. 2019 жылы халықаралық «Dota 2» турнирінде топ жарды. Жарысқа әлемнің үздік командалары қатысса да, өзінің тактикалық қабілеті мен ойынды жоғары деңгейде жүргізе білуі арқылы командасын жеңіске жеткізді. Оның дәл осы жеңісі киберспорт саласында қазақстандық ойыншылардың қаншалықты жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Әлібек, яғни «Alikato» – «CS:GO» аренадағы қазақстандық батыр. Ол «Counter-Strike: Global Offensive» ойынында Қазақстанды халықаралық деңгейде танытып жүрген тағы бір жұлдыз. Жақында Әлібек әлемдік турнирде үздік снайпер атанып, өз командасын жеңіске жеткізді. Алматыдағы киберспорт академиясында жаттыққан ол жастарға үлгі болып, киберспорттағы кәсіби мансаптың мүмкіндіктерін көрсетті.

«PUBG Mobile» чемпионы – Асқар Әдірханов. Осы ойын түріне қызығатын



көпшілік оны «SniperX» деген атпен таниды. «PUBG Mobile» ойынында үлкен жетістіктерге жетті. Ол стратегиялық ойлауының арқасында Қазақстанның турнир ойындарында топ жарып жүр. Асқар 2022 жылы өткен халықаралық «PUBG» турнирінде жеке ойында жеңіске жетіп, өзінің талантының бүкіл әлемге паш етті. Бұл жеңіс тек Алматының ғана емес, бүкіл Қазақстанның киберспорттағы беделін нығайта түсті.

Киберспортшылардың жетістіктері Алматының бұл спорт түрінің отаны ретінде танылуына септігін тигізуде. Жылдан жылға бұл салаға

деген қызығушылық артып, жастар киберспорт бойынша үздік атануда. Қаламызда ашылған киберспорт академиялары мен оқу орталықтары жастарға осы бағытта үлкен мүмкіндіктер ұсынып, жаңа жұлдыздардың шығуына себепкер болып отыр.

Алматылық дарынды жастар болашақта да үлкен жетістіктерге жетіп, елімізді әлемге таныта берері анық.

**Айсара МЕЙРАМБЕКОВА,**  
11-сынып оқушысы

## ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «Жаңақорған ауданының жалпы білім беретін кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 1 тамыздағы №128 қаулысына сәйкес (БСН 050640006207) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, У.Мадиев көшесі №51 ғимарат.

\*\*\*

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная вечерняя школа Жаңақорғанского района» отдела образования по Жаңақорғанскому району Управления образования Кызылординской области» (БИН 050640006207) извещает, в соответствии с постановлением акимата Кызылординской области от 1 августа 2024 года №128 будет ликвидировано. Все претензии принимаются в течение 2 (двух) месяцев со дня опубликования настоящего объявления по адресу: Кызылординская область, Жаңақорғанский район, пос. Жаңақорған, улица У.Мадиев, здание №51.

## Қызылорда облысының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне ЕСКЕРТУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГКБ Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақы, Сырдария, Шелеі, Жаңақорған аудандары аумағында километрлік бағаналармен және ескерту танбаларымен белгіленген «Ақшабулак-Қызылорда», «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа» жоғары қысымды газ құбырлары, компрессорлық станциялар және газ-бұрманы - бұрмалар жүргізілгендігін, МГК құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен, АГТС орналасқаны ескертеді.

Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңымен Қазақстан Республикасында «Байланыс желілерін күзету» ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары:

- табиғи газды тасымалдайтын магистральдық құбыр трассалары бойында – құбыр өсінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;
- байланыс желілерінің трассасы бойында - байланыс желісінің білігінен өзі жағынан 2 метр қашықтықта орналасатын шартты сызықтармен шектелген жер телімі түрінде белгіленеді;
- компрессорлық және газ тарату станциялары төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады.

Магистральдық құбырлардың күзет аймақтары шегіндегі жерлер жер пайдаланудың ерекше режиміне ие және олар жер учаскелерінің меншік иелерінен, жер пайдаланушылардан алынбайды.

«Магистральды газ құбырлары» ҚР ЕЖ Б-Қосымшасында құбырдан нысандарға дейінгі ең аз қашықтығы бекітілген.

**ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:**

Құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймағында құбыр желілерін және байланыс желілерін қалыпты пайдалануын бұзуы мүмкін, немесе олардың зақымдалуына әкелуі мүмкін кез-келген түрдегі әрекеттерді жүргізуге, атап айтқанда:

- өткелдерді, қара жоалдары және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтуін орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келісіміз, орнатуға;
- бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенімен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;
- магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырға өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалуына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;
- кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
- автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тракторынан ұйымдастыруға;

- мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жұмыстарын салуға;
- магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімісіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістегуге;
- ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГКБ-ның жазбаша рұқсатсыз магистральдық құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймақтарында кез-келген жұмыстарды және әрекеттерді орындауға тыйым салынады. Магистральдық құбыр желілерін, жоғары қысымды газ құбырлары-бұрмаларды, МГКБ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен КС және АГТС күзету аймағында кез-келген жұмыстарды және әрекеттерді орындау қажеттілігі туындағанда, ұйымдар және азаматтар мыналарға:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГКБ-дан магистральдық құбыр желілерін күзету аймағында жұмыстарды жүргізуге үшін жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат тек қана, жұмысты жүргізушіде қолданыстағы құбыр желілері мен байланыс желілері көрсетілген жоғалық және атқарушылық құжаттама болған жағдайда ғана беріледі.

- 5 тәуліктен кешіктірмей «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГКБ өкілдерінің қатысуы қажет етілетін жұмыстарды жүргізу уақыты туралы хабарлауға;
- жұмыстарды құбыр желісінің, МГКБ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарының және құрылыстарының және айыру белгілерінің сақталуын қамтамасыз етіп орындауға міндетті.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуді күзету аймағында жерді өңдеу ережелерін қатаң сақтап орындау керек (өңдеу тереңдігі 0,3м аспайды, өңдеу бағыты газ құбырының білігіне тек перпендикулярлы түрде).

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГКБ магистральдық құбыр желілерін және телекоммуникация желілерін күзету ережелерін, сондай-ақ күзету аймағында жұмыстарды жүргізуге берілген рұқсатта көрсетілген талаптарды бұзудан орындалатын жұмыстарды тоқтатуға құқылы.

**Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңы, «Байланыс желілерін және электрлік желілерді күзету» ережелері жергілікті билік және басқару органдарының, сондай-ақ құбыр желілері өтетін аумақта жұмыстарды немесе қандай да бір әрекеттерді жүргізетін өзге де кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті болып табылады.**

Баяндалған талаптарды, ережелерді, заңды бұзуда кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда жазылғандарға қатысты барлық мәселелер жөнінде мынадай мекен-жайымызға хабарлау керек: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» Магистральдық Газ Құбырлары Басқармасы, Қызылорда қ., Арал шағын ауданы, Сердалы Бекірназаров көшесі, 1 ғимарат. Телефондар: Диспетчерлік қызмет - 8 (7242) 30-11-17, 60-52-10, 8-771-285-1413 (тәулік бойы).

## ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ к руководителям и работникам предприятий промышленности строительства, сельского хозяйства, транспорта и связи Кызылординской области

УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» предупреждает, что на территории Аральского, Казалинского, Кармакчинского, Сырдарьинского, Шелеинского и Жаңақорғанского районов Кызылординской области расположены магистральные газопроводы «Ақшабулак-Қызылорда», «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа», компрессорные станции и газопровод-отводными и сооружениями технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ, которые отмечены километровыми столбиками и предупредительными знаками.

Согласно Закону Республики Казахстан «О магистральном трубопроводе» и «Правилам охраны линии связи в Республике Казахстан», устанавливаются следующие охраняемые зоны:

- вдоль трасс магистрального трубопровода, транспортирующего природный газ – в виде земельного участка, ограниченного условными линиями, проходящими в 50 метрах от оси трубопровода с каждой стороны;
- вокруг компрессорных и газораспределительных станций – в виде земельного участка, ограниченного замкнутой линией, отстоящей от границ территорий указанных объектов на 100 метров во все стороны.
- вдоль трассы линии связи – в виде участка земли, ограниченного условными линиями, проходящими в 2 метрах от оси линии связи с каждой стороны.

Земли в пределах охраняемых зон магистральных трубопроводов имеют особый режим землепользования и собственности земельных участков, землепользователей не изымаются.

Приложением-Б СП РК 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬНЫЕ ТРУБОПРОВОДЫ» устанавливаются минимальные расстояния от трубопроводов до объектов.

**ЗАПРЕЩАЕТСЯ:**

В охраняемых зонах трубопроводов и линий связи запрещается производить всякого рода действия, могущие нарушить нормальную эксплуатацию трубопроводов и линий связи, либо привести к их повреждению, в частности:

- устройство переделов, грунтовых дорог и иных временных или постоянных транспортных пересечений трассы магистрального трубопровода и его охранной зоны без согласования с собственником магистрального трубопровода, места их размещения, порядка строительства, обустройства и использования;
- садоводство и лесоразведение, а также выполнение любых не согласованных с собственником магистрального трубопровода работ, кроме комплекса агротехнических работ для выращивания полевых сельскохозяйственных культур с пахотной глубиной не более тридцати пяти сантиметров;
- рекультивация дорог, обустроенных собственником магистрального трубопровода либо оператором, предназначенных для обслуживания магистрального трубопровода и обеспечения его физической защиты, а также противопоставление движению работников, выполняющих противопозарные и охранные функции на магистральном трубопроводе по этим дорогам, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан;
- возведение любых построек и сооружений;

- организация стоянок автомобильных транспортных средств, тракторов и механизмов;
- производство мелиоративных земляных работ, сооруже- ние оросительных и осушительных систем;
- производство горных, строительных, монтажных и взрывных работ, планировка грунта без согласования с собственником магистрального трубопровода;
- производство геологическо-мочных, поисковых, геодезических и других изыскательных работ, связанных с устройством скважин, шурфов и взятием проб грунта (кроме почвенных образцов).

**В охранной зоне магистрального трубопровода и линии связи без письменного разрешения УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» запрещается проводить какие либо работы и действия**

При необходимости выполнения любых работ и действий в охранной зоне магистрального газопровода с линиями и сооружениями технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ, организации и граждане обязаны:

- получить от УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» письменное разрешение на производство работ в охранной зоне магистральных трубопроводов. Разрешение на производство работ может быть выдано только при условии наличия у производителя работ проектной и исполнительной документации, на которой нанесены действующие трубопроводы и линии связи;
- не позднее чем за 5 суток уведомить о времени производства работ, при которых необходимо присутствие представителей УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия»;
- выполнять работы с соблюдением условий, обеспечивающих сохранность трубопровода, линий и сооружений технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ и опознавательных знаков.

Сельскохозяйственные работы необходимо выполнять при строгом соблюдении правил обработки земли в охранной зоне (глубина обработки не более 0,3 м, направления обработки только перпендикулярно оси газопровода).

УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» имеет право приостановить работы, выполняемые с нарушением правил охраны магистральных трубопроводов и сетей телекоммуникаций, а также требований, указанных в разрешении на производство работ в охранной зоне.

**Закон О магистральном трубопроводе, охраны линии связи и электрических сетей являются обязательными для исполнения местными органами власти и управления, а также другими предприятиями, производящими работы или какие-либо действия в районе прохождения трубопроводов.**

**Должностные лица и граждане, виновные в нарушении изложенных требований, закона, правил привлекаются к ответственности в установленном порядке.**

По всем вопросам, касающимся вышеизложенного, следует обращаться по адресу: Управление Магистральных Газопроводов «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия», г. Кызылорда, микрорайон Арал, улица СердалыБекірназаров, здание 1, телефоны: Диспетчерская служба - 8 (7242) 30-11-17, 60-52-10, 8-771-285-1413 (круглосуточно).



АЭС салу – халық пен мемлекет үшін маңызды процесс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен белгіленген республикалық референдумның өтуіне санаулы күндер қалды. Ал кез келген саяси науқанның ажырамас бөлігі – тәуелсіз бақылаушылар. Қазір референдумға байланысты ел бойынша бақылаушылық жасайтын ұйымдар мен бастамашыл топтардың саны артуда. Соның бірі – Қызылорда қаласындағы «Бақылау қырандары» мобильді тобы. Саяси науқандағы бақылаушылардың міндеттері, атқаратын жұмыстары турасында Қызылорда қаласы бойынша «Бақылау қырандары» мобильді тобының кураторы Нұрболат Олегұлымен әңгіме өрбіттік.

**Нұрболат ОЛЕГҰЛЫ,**  
Қызылорда қаласы бойынша «Бақылау қырандары»  
мобильді тобының кураторы



жастар болашақта саяси науқанда атсалысса, азаматтық қоғамды қалыптастыруда көмектеседі. Ал алдағы референдумға бақылаушылар құрамын осы уақытқа дейін ниет білдірген белсенді жастар арасынан тандадық. Сосын жоғарыда айтып өткендей арнайы оқудан өтеді. Республикалық деңгейдегі тренерлерден дәріс алады. Бір апталық оқу аяқталған соң, іріктеліп алынады.

– Дауыс беру өткізілгеннен кейін дауыс беру қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамаларымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға рұқсат бар ма?

күнделігін береміз, сол күнделікке өзінің сайлау учаскесіндегі болып жатқан, болған процесті жазып отырады.

– Дауыс берушілер нені ескеруі керек?

– Әрбір дауыс беруші жұрттың сөзіне емес, тек өз еркімен шешім қабылдағаны дұрыс.

– Бақылаушылар референдумды насихаттап, халықты дауыс беруге шақыра ала ма?

– Бақылаушылар бейтарап көзқарасты ұстанады. Яғни ешқандай насихат жүргізбейді. Референдум – мемлекет үшін маңызды мәселені шешердегі халық үніне құлақ аса отырып, шешім

## БАҚЫЛАУШЫЛАР БЕЙТАРАП КӨЗҚАРАСТЫ ҰСТАНАДЫ

– Нұрболат Олегұлы, апта соңында ел үшін маңызды күн өткелі отыр. Бақылаушы ретінде аймақтағы ахуалдың басы-қасында болатындарыңыз белгілі. Жалпы, бақылаушылардың негізгі міндеті қандай болмақ?

– Иә, көпшіліктің талқысына түскен саяси науқан жақындап келеді. Қоғам пікірі әртүрлі. Ал біз тәуелсіз бақылаушы ретінде кезекті референдумда өз жұмысымызды істейміз.

Ал бақылаушының негізгі міндетіне келсек, сайлау процесінде кейбір заң бұзушылықтардың алдын алатын боламыз. Мәселен,

бір адам бірнеше рет кіріп дауыс береді немесе бірнеше бланк салады. Осындай сәттерде барлығын назарда ұстап, сайлаудың әділ өтуін қадағалаймыз. Сырт көзге бәрі оңай көрінуі мүмкін. Бірақ, таңнан кешке дейін сол жерде жүрген адам барлығын жіті түсінеді.

– Қазіргі дайындық жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Әрбір сайлаудың уақытынан ертерек дайындық жұмыстарын бастап кетеміз. Арнайы іріктелген бақылаушылар күнделікті республика көлеміндегі арнайы тренерлерден онлайн дәріс алады. Одан бөлек, өзіміз

де сабақтарымызды үзбей өткізіп отырамыз.

– Қазір қала бойынша қозғалыс құрамында қанша мүше бар?

– Өңір бойынша 200 ден аса адамды оқытып, 107 бақылаушыны іріктедік. Одан бөлек, 3 мобильді куратор, облыс бойынша 1 куратор жұмыс істейді.

– Қоғамдық қозғалысқа бақылаушылар қалай іріктеледі? Кез келген тұрғын өтініш білдіріп, бақылаушы бола ала ма?

– Әрине, кез келген 18 жастан асқан, ҚР азаматы бақылаушы бола алады. Бірақ біз көбіне жастармен жұмыс жасайтын болғандықтан,

– Рұқсат бар, міндетті түрде. Орталық сайлау комиссиясынан аккредитацияланған ұйым болғандықтан барлық процесске қатысады. Жұмыс барысында хаттамалармен танысады және куәландырылған көшірмелерін алуға рұқсаты бар. Бақылаушылар санау процесіне де қатысады, бірақ тек бақылай алады.

– Бақылаушыларға фото, аудио және бейнежазбалар жасауға бола ма?

– Бақылаушыларға фото, аудио, бейнежазба жасауға болмайды. Әр бақылаушыға біз бақылаушы

қабылдайтын демократиялық тәсіл десек, оның әділ әрі таза өтуіне әрбірміз мүдделі болуымыз керек. Бұл сайлау Қазақстан қоғамы үшін маңызды мәселе болғандықтан, мұндай сәтте бүк түсіп, үйде жатуға болмайтын шығар деп есептеймін.

– Өзіңіздің АЭС-ке көзқарасыңыз қалай?

– Әрбір адамның жеке позициясы болады ғой. Мен өз позициямды 6 қазан күні бюллетеньде белгілеймін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен Нұр БАҚЫТ



## ӨНЕРЛІ ЖАСТАР ДУБАЙҒА ЖОЛДАМА ИЕЛЕНДІ

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде республикалық жас өнерпаздар арасында «NEW ART STARS» өнер байқауы өтті. Шараны «DALA DARYN» шығармашылық орталығы ұйымдастырды.

Өнер байқауына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Педагогика және дәстүрлі өнер институтына қарасты «Дизайн және технологиялар» кафедрасының «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» мамандығының студенттері қатысты. Білім алушылар байқауға өздері дайындаған қолөнер туындылары мен көркем шығармаларын ұсынды.

«Этностильдегі ұлттық киімдер» жиынтығын әзірлеген Айгерім Жайылханова «Қолөнер» номинациясы бойынша бас жүлде иеленді. (Жетекшісі – педагогика ғылымдарының магистры Асия Жүнісова) Ал «Тарихтан естеліктер» панноларын дайындаған Мәншүк Жұбатқан (жетекшісі – педагогика ғылымдарының кандидаты Шолпан Қошқарова), «Желсіз түнде жарық ай» атты

картинасымен қатысқан Шынарай Көбеген (жетекшісі – педагогика ғылымдарының кандидаты Шолпан Қошқарова) I орынды еншіледі.

«Бейнелеу» номинациясы бойынша I орынмен «Туған ел» көркем шығармасымен қатысқан Еркежан Бақытбекқызы марапатталды. (Жетекшісі – педагогика ғылымдарының магистры Еркін Мақашев).

Әдемілік пен шеберлікті ұштастырып, үздік атанған студенттер Дубай еліне жолдама иеленді.

«АЖ» ақпарат

(басы 1-бетте)

Мопед тізгіндегендердің салғырттығынан елімізде былтыр жол апатының саны айтарлықтай артқан. 2023 жылы осы көлік құралына қатысты 750 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Соның салдарынан 39 адам көз жұмып, 730 адам жарақат алған. Ал биылғы 6 айлықтағы көрсеткіш жаға ұстағанды. 542 жол апаты тіркеліп, салдарынан 27 мың адам қаза тапқан болса, 577 адам жарақат алыпты. Осы 577-нің ішінде мүгедек болып қалғандары да бар. Жыл басынан бері мопед жүргізушілерінің қатысуымен 31 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталған. Бұл салыстырмалы сандар тек мемлекеттік жүйені, құқық қорғау органдарын ғана емес, тұтас қоғамды алаңдатуы керек.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов мопед мінгендердің жол үстінде жиі апатқа ұшырайтынын айтып, Ішкі істер министрлігіне бақылауды күшейтуді тапсырған еді. Сол тұста:

– Жуырда «Мопед мәселесі уайымға айналды» деген мақаланы оқып шықтым. Сонда көрсетілгендей биылдың өзінде мопедтердің қатысуымен болған апатта 27 адам қаза тапты. Масқара дерек. Осы мәселені қалай шешіп жатырмыз? – деп сауал жолдады Премьер-министр.

Ал Ішкі істер министрі Ержан Сәденов мұндай мәселенің бар екенін жасырмады.

– Көбіне мопедті басқаратын жасөспірімдер мен куыркерлер. Қазіргі таңда заңнамалық шаралады қабылдап жатырмыз. Бірінші – бүкіл мопедтерді тіркеу жұмысын жүргізу. Кейін мемлекеттік нөмір беріледі. Яғни, көлік құралын жүргізу үшін куәлік қажет болады. Қазір заң жобасы Сенатта қаралып жатыр, – деген жауап қайтарды Сәденов.

Ведомства басшысының дерегіне, осы уақытқа дейін 39 мың жүргізуші анықталып, жазаға тартылған екен.

– Оның ішінде 202 азамат кәмелетке толмағандар. Олардың ата-аналары жауапкершілікке тартылды. Жол ережелерін орескел бұзғаны үшін арнайы орынға 5 мыңнан астам мопедтер қамалды, – деді ІІМ басшысы.

Күнделікті өмірде көп бойынша көріп жүргеніміз – мопед иелерінің жол ережелерін сақтамауы. Ал соның соңы апаттарға әкеліп жатыр. Адам шығыны да айтарлықтай көп. Баласының көрсексыздығына көніп, көңілін жыққысы келмеген талай ата-

ананың баласын жоқтап, «боталап» қалғандарын көрсен қосыла егілің келеді.

Бұл саладағы тағы бір өзекті мәселе – айыппұл. Яғни, бұзушылықтар үшін жүктелген жауапкершілік мардымсыз. Сондай-ақ, адам өміріне зардабын тигізген көлік қатынас

ген түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша енгізілген заңнамалық түзетулер екінші оқылымда қабылданған. Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы Екатерина Смышляеваның баяндамасын

жолы қарастырылған. Алайда «жолы таусылғандық» танытатын кейін тізгіншілер тұрғындардың арасынан зулап өтіп, тіпті ескерту дабылысыз көпшіліктің құтын қашырады. Олардың арасында күн көріс қамы үшін жүрген тапсырыс жеткізушілерден бөлек, алысты жақындатып,

олардың өміріне алаңдаймын. Кейде өздеріне «ақырын жүріңдер» деп ескертемін, – дейді ол.

Осы ретте тағы бір маңызды мәселені атап өткеніміз жөн. Тұрғындар мопед жүргізушілеріне ескерту айта, кейбірі құлақ аспайтынын, тіпті ескертуіне кері жауап қайтарып, жұдырық сілтеуге дейін баратын көлік тізгіндеушілердің барын жасырмады. Осыдан бірер уақыт бұрын, дәлірек айтсақ, 15 шілде күні Алматыда мопед жүргізушісі өзіне ескерту айтқан әйелді ұрып жібергені туралы бейнежазба әлеуметтік желіде тарағаны есімізде. Қазір аталған оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалып, әйелге қысым көрсеткен жүргізуші іздестіріліп жатыр.

Ал Қызылорда қаласындағы жағдай қалай? Қолға тиген мәліметтерді сөйлестік, биыл мото және скутерлердің қатысуымен 108 жол апаты орын алған. Салдарынан 4 адам қаза болып, 20 адам жарақаттанған. Ал есепті мерзімде олардың жүргізушілеріне қатысты 1313 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделген.

Сондай-ақ, көлік басқарған 68 жасөспірімнің ата-анасына шара көрілген.



**ҚОС ДӨҢГЕЛЕКТІ КӨЛІКТЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП**

құралына қатысты ешқандай жауапкершілік көзделмеген. Осы мәселеге қатысты қолданыстағы заңнаманы сөйлестік, ең бірінші ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі мен Жол жүрісі қағидалары алдымыздан шығады. Яғни, мопед мінгендер заң шеңберінен шығатын болса, кодекстің 596, 612, 615-баптары бойынша әкімшілік жауапқа тартылады екен. Сонымен қатар 44-бап бойынша қос аяқты көлікті қоғамдық орында масаң күйде тізгіндегендер бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл арқалайды. Яғни, ӘҚБтК 620 бабы бойынша, айыппұл 3 АЕК, бұл 11 мың теңге ғана.

Ендігі кезекте Мәжіліс депутаттарының бастамасымен оларды міндетті мемлекеттік тіркеуге алып, А1 санатындағы жүргізуші куәлігін беруді енгізу ұсынылып отыр.

Еске салсақ, Мәжілістің мамыр айындағы кезекті жалпы отырысында «Жол жүрісі туралы» заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көлік құралдарының жекеле-

бақылсақ, мопедтерді тіркеудің жаңа талаптары заңға қол қойылған соң 6 айдан кейін күшіне енеді. Осы уақыт мопедтерді «заңдастыру» үшін берілген.

Сондай-ақ, тізгіндеушілер жол қозғалысының толыққанды қатысушыларымен теңестірілу үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте тиісті өзгерістер енгізіледі. Мопедтерді басқару үшін азаматтар уәкілетті органда міндетті тіркеуден және жыл сайынғы техникалық байқаудан өтеді. Оның үстіне азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды рәсімдеуі тағы бар.

Мопед жүргізушілері де автокөлік тізгіншілері секілді жауапкершілікке тартылады. Бұрын жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін олар басқасына қатысушылар секілді ӘҚБтК-нің 315 бабына сәйкес 2 АЕК мөлшерінде айыппұл алатын. Ал біз айтып отырған ереже қабылданатын болса автокөлік жүргізушілері секілді оларға да барлық жауапкершілік жүктелмек.

Қалада арнайы жаяу жүргіншілер

дiттеген жеріне жету үшін қос дөңгелекті көлікті пайдаланатын балалар да бар.

Қызылорда қаласының тұрғыны Серік Сайфулмәлік көшедегі жылдамдықты асыра айдатын мопед пен самокат тізгіндеушілердің қатарынан жасөспірімдерді жиі байқайтынын айтып, алаңдайды. Ол жастарды желіктірген құрылыс өзгеге зияны тиіме екен дейді.

– Жеке өзім сақтық шараларын ескере отырып, мопед пен самокат секілді көлік түрлерімен жол қысқартуға тырыспаймын. Қазір қаламызда болған небір жағдайларды естіп, көріп отырмыз. Жалалықтардағы осыған қатысты ақпараттан көз сүрінеді. Бірде жаяу жүргіншілерге арналған жолда келе жатсаң, қасымнан 2-3 жасөспірім мопед пен самокатты үлкен жылдамдықпен айдап өтеді. Сан түрлі жайсыз жағдайлардан кейін

Абзал ЖОЛТЕРЕК



Бүгінде жақындарымызды қуантқымыз келсе, аңыздарға арқау болған, мыңжылдық мәдениетімізден сыр шертетін ұлттық аспапты сыйға бергіміз келетіні рас. Себебі қоңыр үнді домбырада ұлттық рухынды оятатын «сиқыр» бар. Тіпті кәдесый ретінде жасалса да, аяқасты қылмай, төрге қойып, ерекше қарайтынымыз содан болса керек. Ал шын шебердің қолынан шыққан аспаптың сапасына сын болмайтыны анық.

## ДОМБЫРА — ҰЛТТЫҚ БРЕНД



Бүгінде Қызылорданың Белкөл кентінде тұратын Ақбүркіт Жауынғаровтың жасаған домбыралары сұранысқа ие екенін байқап, шебердің өзіне хабарластық. Қос ішекті аспапқа өнер мектебінің оқушылары мен асабалар, мәдениет саласының өкілдері жиі тапсырыс береді екен.

— Бала кезден-ақ әкемің ағаштан жан-жануарлардың бейнесін жасап, тұрмыстық бұйымдарды дайындағанын көріп өстік. Есейе келе мен де осы салаға икемім бар екенін байқап, домбыра жасауды үйрендім. Аспапты жергілікті жерде өсетін қарағаштан жасаймын. Бір домбыраны әзірлеуге шамамен 10 күндей уақыт жұмсалады, — деді шебер.

Қазақы болмысымызды айшықтап тұратын домбыраның сапасы жасалған материалына тікелей байланысты. Домбыра жасау үшін қарағаш қана емес, қарағай, емен, шырша, қайың ағашы да қолданылады. Ең бастысы ағаш күнге қақталып, әбден кебуі керек. Шеберлер домбыраны екі әдіспен жасайды. Алғашқысы домбыраның шаңағын ағаш тілшелерін біріктіру арқылы құрастыра, екінші әдіс бойынша ағаштан толықтай ойып жасалады.

Шебердің айтуынша, ағашты жону, өңдеу икемділікпен қатар, тиянақтылықты қажет етеді. Ал ең маңыздысы домбыра үнінің тазалығы, яғни дыбыстың анық шығуы жұмыс процесімен тығыз байланысты.

Атап өту керек, домбыра жасау — отбасылық кәсіп. Шебер жасаған домбыраны жұбайы Мархабат Ишанова әрлеп, яғни ою жапсырып, сүйек арқылы безендіріп, дизайнерлік өрі саудаға шығару жұмыстарымен айналысады. Ұлттық мәдениетіміздің дамуына үлес қосқан отбасы 2022 жылы 1 миллион 200 мың теңге көлемінде қайтарымсыз несиеге ие болды.

Ал жуырда олардың кәсібі «Бір ауыл — бір өнім» жобасында жеңімпаз атанды. Мархабат Ишанованың айтуынша, көрмеге қатысқалы бері домбыраға деген тапсырыс та көбейген.

Нақтырақ айтсақ, шілде айында Қырғызстандағы ЛСА «Бір ауыл — бір өнім» жобасының жетекшісі Ахикиса Харагучидің қатысуымен жергілікті тауар өндірушілердің көрмесі өтіп, оған облыс бойынша 40-қа жуық өнім өндіруші қатысқан болатын.

Көрмеге қатысушыларды кәсіпкерлер палатасының жанынан құрылған жұмысшы топ бағалап, 10 тауарөндіруші үздік деп танылды. Мұнан кейін тауарларды тандауда және аймақтық брендті тағайындау туралы шешім қабылдауда дауыс беру қуқығы бар 21 адамнан құрылған өңірлік Бренд-комитет «Бір ауыл — бір өнім» жобасы бойынша 3 жеңімпазды анықтады.

Алдағы уақытта жоба жеңімпаздары республикалық көрмеге қатысып, Атамекен палатасының қолдауымен өз өнімдерін республикалық және халықаралық деңгейге шығаруға толық мүмкіндік алады.

Ұлттық құндылығымыз саналатын домбыраны жасау жобасының да үздіктер қатарынан табылғаны қуантады. Отбасылық кәсіп иелері «алдағы уақытта осы салаға қызығатын жастар болса, шеберлігін шыңдап, тәжірибемізбен бөлісуге дайынбыз» дейді.

Айдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

## Классикалық МУЗЫКАНЫҢ ПАЙДАСЫ

Адамзат жаралғалы қай дәуірде болмасын адам баласымен қатар жасасып келе жатқан музыка өнері мәңгілік мұра. Алғашқы қауым жыртықшардан қорғану һәм аң аулау мақсатында пайдаланған дыбыстық құралдар күнделікті тіршіліктің құрал-саймандарынан еш айырмашылығы болмаған. Дегенмен уақыт өте келе түрлі аспаптар және соған сай түрлі жанр ойлап табылды. Соның ішінде классикалық музыканың алар орны ерекше. Ол тек эстетикалық немесе эмоционалдық деңгейде ғана емес, сондай-ақ денсаулық, таным және психологиялық тұрғыдан да пайдасы мол. Зерттеушілер классикалық музыканың адам өміріне үлкен әсері барын дәлелдеп келеді.

Классикалық музыка тыңдаушыларға эмоционалдық тұрғыдан тыныштық сыйлайды. Мәселен, әлемге әйгілі Моцарттың композициялары адамның көңіл-күйін көтеруге, позитивті эмоцияларды оятуға қабілетті. Ал баяу, жаңға жайлы әуендер уайымды сейілтп, стрессті төмендетеді. Сондықтан оны медитация мен йога жаттығуларында жиі пайдаланады.

Сонымен қатар классикалық әуендер зияткерлік дамуды қалыптастырады. Әсіресе балалардың ми қызметінің жетілуіне музыка тікелей әсер етеді екен. Музыкалық білім алып, белгілі бір аспапта ойнай білген баланың логикалық және шығармашылық қабілеті қатарластарынан анағұрлым жылдам дамитыны дәлелденген. Және мұны ғалымдар «Моцарт эффектісі» деп аталатын феноменмен байланыстырады.

Өлдебір онді тыңдағанда сөзің астарына үңіліп не болмаса әуен ырғағына қарай көңіл-күйің құбылса, ал классикалық музыка тек әуеннен тұратындықтан қиялыңды сан тарапқа шарлатады. Мәселен, Евгений Догаңың танымал фильміде («Мой ласковый и нежный зверь») орындалатын туындысы тыңдарманын сәт ішінде сан түрлі күйге бөлейді. Жан-дүниен шырқау биікке көтеріліп, қайта құділаған сәтте музыканың құдіретіне еріксіз бас несін.

Классикалық музыканы тыңдау жүрек соғысы мен қан қысымын ретке келтіріп, жалпы денсаулықтың жақсаруына әсер етеді. Ауруханалар мен психологиялық сауықтыру орталықтарында әуен арқылы емдеу әдісі кеңінен қолданысқа ие. Ол

наукастың тезірек қалыптасуына көмектеседі.

Адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған классикалық әуендер тарихтан да сыр шертеді. Олай дейтін себебіміз, әрбір шығармашылық өкілі өз дәуірінің қулық-сұмдығын, қиындығы мен қуанышын, арман-қиялын туындысы арқылы жеткізеді. Әрбір туынды сол дәуірдің көрінісі, шынайы бет-бейнесі. Оларды зерттей отырып, өнердің, мәдениеттің, жалпы адамзаттың тарихынан терең мағлұмат алуға болады.

Мысалы, польшалық композитор Михал Клеофас Огинскийдің әлемге әйгілі «Отанмен қоштасу» атты композициясы («Полонез Огинского» н/е «Прощание с Родиной») тарихы терең туынды. 1772 жылы Польша жері Пруссия, Габсбург және Ресей мемлекеттерінің арасында бөліске түседі. Үш алып державалармен айқасуға қауқарсыз ел 1793 жылы жерінің жартысынан айырылады. Дәл осы тұста қолбасшы қызметін атқарған композитор жеке қаражатына снаряд алып, жаудың 2500-ге жуық әскерін ойрандаған. Десе де 1794 жылы қазан айында Поляк-Литва достастығы толығымен күйреді. Қол астындағы әскері жеңіліске ұшыраған Огинский өзгенің құжатын пайдаланып, қашып құтылуға бел буады. Лакей атын жамылған ол Австрия арқылы Италияға өтіп, Венеция қаласына қоныстанады. Осында жүріп, әйгілі «Отанмен қоштасу» атты туындысын дүниеге әкелген. Композитор Ресей империясының

билігінде де кеңесші қызметін атқарған деген деректер бар. Десе де қызметте жүріп өзінің туған жерінде жау әскерінің алшаңдап басқанын қабылдау ол үшін қиынға соққан. Бар мансаптан бас тартқан сазгер Италияға қайта оралып, ғұмырының соңғы жылдарын Флоренция қаласында өткізген.

Иә, жүрек тербер кей туындылардың шығу тарихы қилы-қилы кезеңдерден сыр шертеді.

Классикалық музыка тыңдаушыға шабыт сыйлап, жаңа идеялар тудыруға ықпалы етеді. Кей мәліметтер ақын, жазушы, суретшілердің де классикалық музыканы тыңдай отырып, өз шығармашылығын дамытқанын айғақтайды. Яки, музыка тыңдау адамның ойлау қабілетін жақсартады.

Сонымен қатар классикалық музыканың әлеуметтік байланысты нығайтуға да әсері бар көрінеді. Түрлі музыкалық іс-шаралар адамдарды біріктіріп, пікір алмасуға, әсерін бөлісуге мүмкіндік береді. Әсіресе, басқа жанрға қарағанда классикалық музыка тыңдармандарының арасында ынтымақтастық пен өзара түсіністік жоғары қалыптасқан.

Мәдени біліміңізді арттырамын десеңіз классикалық музыка тыңдауды әдетке айналдырғаныңыз абзал. Таным көкжиегіңізді кеңейтіп, қиялыңызға ерік беріңіз!

Аружан ОРАЛБАЙ

## ГАМБУРГЕР:

### ЖАЙ ТАҒАМНАН ЖАҒАНДЫҚ ФЕНОМЕНГЕ АЙНАЛҒАН ТАРИХ

Фаст фуд — бүгінде кеңінен тараған тағамның бірі. Күнделікті тұтынып жүрген бургер, пицца, хот дог өнімдері тез әзірленіп әрі арзан бағаланады. Ал солардың ішінде гамбургер қызылордалықтар арасында кеңінен тараған. Ол қарапайым тағам болса да, тарихы мен танымалдылығы туралы қызықты ақпараттарды назарыңызға ұсынамыз.

Гамбургер қызылордалықтардың тағам мәдениетіне тереңінен еніп еткен фаст фудтың бір түрі. Тіпті «гамбургердің отаны — Универсам» деп те айтып жатады. Қаланың орталығында орналасқан фаст фуд дүңгіршегінің тұтынушылары көп. Тойымды тағамды сүйіп жеуші жерлестеріміз көп. Кеше ғана TikTok әлеуметтік желісіне Асылхан Дүкенбаев қаламыздың бірнеше белгілі азаматтарымен бірге сағына да сүйсіне осы бір тағамды ерекше жақсы көретіндігін жеткізген бейнеролигі тараған болатын. Пікір білдіруші халықтың көбі расымен бұл тағам Қызылорда халқының бір бөлігі екенін жарыса жазуда. Тағы да айта кететін қызық жайт, ол Астана қаласында ашылған фудкорт — «Универсам гамбургері». Бағасы небәрі 230 теңгелік гамбургер дүңгіршегің іздеп келушілер көп. Тіпті ауыл аймақтарға да осындай дүңгіршек ашуды сұрайтын халықтың қарасы қалын.

Қазіргі гамбургердің негізі — екі дөңгелек нанның ортасына салынған ет кесегі немесе шұжық (сосиска). Бұл тағамның дамуы көптеген мәдениеттің, әсіресе Америка және Еуропа тағамдарының бірігуімен байланысқан. Гамбургердің атауы Германияның Гамбург қаласынан шыққан. XIX ғасырдың соңында Гамбургтен Америкаға қоныс аударған неміс иммигранттары

өздерімен бірге тартылған еттен жасалған «гамбург бишкетесін» ала келген. Алайда дәл қазіргі танымал нұсқасы АҚШ-та дүниеге келген. 1904 жылы Сент-Луисте өткен халықаралық көрмеде алғаш рет дөңгелек нанға ет қойылып, бұл тағам халыққа ұсынылған.

Бүгінде гамбургер тек қарапайым ет пен наннан ғана тұрмайды. Ол — әртүрлі асуы стильдерін біріктіретін көпқырлы тағам. Мәселен, АҚШ-та дәстүрлі сиыр еті қосылған гамбургер өте танымал болса, әлемнің басқа елдерінде балама түрлері кеңінен таралған. Үндістанда сиыр еті шектеулі болғандықтан, көкөніс немесе тауық еті қосылған гамбургерлер тұтынылады. Ал Жапонияда гамбургерге жергілікті өнімдерді, мысалы, соя тұздығы мен васаби қосу арқылы өздерінің ерекше дәмдерін жасайды. Вегетариандық және вегандық нұсқалары да кең танымал болып келеді, мұнда ет орнына өсімдік негізіндегі өнімдер пайдаланылады. Қазақстанда да гамбургердің қоспасы сәл өзгеріске түсті. Яғни, дөңгелек нанның орнын тандыр нан алмастырып, сондай-ақ сәбіз салаты мен шұжық (сосиска), кетчуп пен мойноз гамбургердің құрамын толықтырады. Бүгінде оны арнайы құрылғы көмегімен қытырлақ етіп сату кеңінен тарады.

Гамбургердің ерекшелігі оның қарапайым әрі көпшілікке қолжетімді



болуында. Ол ас мәзірінде тез дайындалатын тағам ретінде де, жоғары деңгейдегі мейрамханаларда да кездеседі. Мысалы, көшедегі кішігірім тағам дүңгіршектерінен сатып алуға болатын гамбургер арзан әрі дәмді түскі ас ретінде танымал болса, кейбір жоғары деңгейдегі мейрамханалар ерекше ингредиенттер мен дәмдеуіштер қосып, оны нағыз гастрономиялық туындыға айналдырады.

Гамбургер тек тағам ғана емес, поп-мәдениеттің де бір бөлшегіне айналған. Фастфуд желілері арқылы бүкіл әлемге таралған гамбургер киноларда, әндерде, тіпті сон индустриясында да көрініс табады. Бізге қарапайым өнім болып көрінгенмен, әлемнің көптеген елінде әртүрлі фестивальдер мен жарыстар өтіп, гамбургерді дайындаудың жаңа әдістері ойлап табатын аспаздар саны аз емес.

Гамбургердің эволюциясы мен жаһандық деңгейдегі танымалдығы, оның әмбебап тағам екенін көрсетеді. Ол адамдардың талғамдары мен қажеттіліктеріне бейімделіп, әлемнің түкпір-түкпірінде күнделікті өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналды. Ал сізге гамбургер ұнайды ма?

Қорлан САРЫ